

Тұрғындар тілегі ескеріледі

2-бет



Айтулы өнер шаңырағы

4-бет



Жаппай дактилоскопиялық тіркеу тиімді ме?

6-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 28 ҚАЗАН, 2023 ЖЫЛ №120 (23 296)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• СҮЙІНШІ!

## Сматаев – «Халық жазушысы»

Қазақ оқырманына «Елім-ай» романы берген қарымды қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Құрмет» орденінің, «Парасат» орденінің иегері, жерлесіміз Софы Сматаевқа «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді. Мәртебелі атақ Республика күні қарсаңында табысталды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»



Софы Сматаев 1941 жылы 22 маусымда Қарағанды облысы бұрынғы Ақадыр ауданында дүниеге келген. Әдебиеттегі жолын поэзиямен бастаған. 1968 жылы «Астана оттары» деген тұңғыш өлеңдер жинағы баспадан шыққан. Осы уақытқа дейін 20-дан астам кітабы жарық көрген. Қаламгердің шоқтығы биік шығармасы – «Елім-ай» роман-трилогиясы. Қазақтың тарихын арқау еткен көлемді туынды 70-ші жылдары ұлттық рухқа жұтаған жұртты жалт қаратты. Одан бөлек, «Тағдырлар», «Сен кімсің?», «Жұлдызым менің жоғары» деп аталатын пьесалары бар. «Жұмбақ қыз», «Жаяу Мұса» операларының либереттосын жазды. В.Короленко, В.Иванов, В.Солоухин, Х.Абдуллин, Ю.Мухлисов, сондай-ақ, У.Шекспир, И.Добозин шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Софы Сматаевпен бірге бұл атақты жазушы Т.Әбдіқұлы, С.Елубаев, Б.Нұржекеев, А.Аширов және Л.Шашкова иеленді. «Қазақстанның Халық әртісі» құрметті атағы еліміздің көрнекті мәдениет қайраткерлері, театр және кино актері Д.Ахимовқа, М.Токарев пен Д.Ақмолдаға, опера әншілері Ш.Әбілов пен Т.Күзенбаева, атақты әншілер Р.Стамгазиевке, Д.Күлдібергеге және күйші А.Үлкенбаеваға берілді.

Айта кетейік, Президент Жарлығымен «Қазақстанның Халық жазушысы» мен «Халық әртісі» атақтары Мемлекеттік наградалардың қатарына қосылды.

• САЛТАНАТ

## Ұлық мереке: ерлердің еңбегі еленген күн

Республика күні қарсаңында облыстық Сәкен театрында өткен салтанатты жиында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бірқатар азаматтарға мемлекеттік наградалар табыстады. Награда аграршыларға, ғалымдарға, дәрігерлерге, қаламгерлерге, білім, өнер, спорт өкілдеріне берілді. Этнограф-жазушы, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ардагері Төрехан Майбас «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атанды. Төрехан Майбас – осындай атақ алған аймақтағы алғашқы журналист. Ол көптеген этно-танымдық мақалалардың, «Кенді өлке», «Керней шежіресі», «Елқұжат», «Абадан», «Шікіл», «Үшінші ауыл», «Оныншы ауыл», «Айбар», «Жауһар», «Портреттер» кітаптарының, «Айбөкен» прозалық жинағының авторы.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиын облыс әкімінің сөзімен басталды. Аймақ басшысы өңір тұрғындарын және мемлекеттің дамуы жолында аянбай тер төгіп жүрген қайраткерлерді ұлт үшін басты мейрам Республика күнімен құттықтады.

– Біздің өңірдің еңбекқор азаматтарының республикамыздың өркендеуіне қосқан үлесін мақтанышымен айтамын. Сіздерге деген құрметім шексіз. Қадірлі ардагерлерімізге алғысымды білдіремін. Біз сіздердің еңбек жетістіктеріңізді ел игілігі үшін есімізде сақтаймыз. Өңірдің дамуына зор үлес қосып жатқан кеншілерімізге, металлургия және аграршыларға рахмет! Жоғары кәсібилігі үшін дәрігерлерге, педагогтар мен ғалымдарға, мәдениет қызметкерлеріне және әлеуметтік сала қызметкерлеріне, кәсіпкерлер мен спортшыларға жүрек төрінен орын беремін. Ел келешегі жас буын сіздерден үлгі алсын. Ел үшін аянбай еңбек еттіңіздер, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, Ермағанбет Бөлекпаев Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен діни конфессиялардың өкілдеріне республикада бейбітшілік пен келісімнің сақталуына қосқан үлестері үшін алғысын айтып, олардың ең-

бегін атап өтті.

Салтанатты жиында облыстың 33 тұрғыны марапатталды. Оларға III дәрежелі «Парасат», «Құрмет», «Еңбек Даңқы» ордендері, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» және «Шапағат» медальдары табыс етілді. Төрт азаматқа және Станиславский атындағы театр ұжымына Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы берілді.

«Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағын алған Төрехан Майбасқа сөз берілді. Қаламгер бұл марапат бүгін бір аймақтың журналистеріне көрсетілген құрмет екенін айтты.

– Бүгін осындай жоғары атаққа ие болғаным өте қуаныштымын. Мен қарапайым журналистпен, көбісі мені жазушы, этнограф ретінде біледі. Бірақ, мен бұл өмірдегі орнымды журналистпен таптым. Бұл марапат барлық журналистерге құрмет. Мен аға буынға жатамын. Арқадағы талай жақсы азаматтың портретін жасапмын. Арқада осы құрметке лайық азаматтар көп. Ел деп тер төккендер абырой биігінен көрінсін! – деді Төрехан Майбас.

Белгілі қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дүйсен Қасейінов те «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атанды. Қазақстанның жүзден спорт шебері, отандық спорттың

дамуына өлшеусіз үлес қосқан даңқты бапкер Валерий Леонидович та осы қатарда.

«Парасат» орденіне медицина ғылымдарының докторы, жоғары санатты хирург, профессор Сергей Лохвицкий ие болды.

«Молодежный» разрезінің экскаватор машинисі Бектас Әбдіқалыков «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

– Мен 25 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Үш жыл электрик, бес жыл машинист көмекшісі, қалған жылдары экскаватор машинисі болдым. Менің жұмысымның ең қиын бөлігі – жоспарлау. Технологиялық процесті түсініп, техниканы, «БелАЗ»-дардың қозғалысын, еңбек қауіпсіздігін қадағалап, көрсеткіштердің әр уақытта жақсаруына тырысу қажет. Бүгінгі марапатым өте маңызды. Мен адал жұмыс істеуге тырысамын, істеген ісімді жақсы көремін, – деді Бектас Әбдіқалыков.

Наградалар табысталғаннан кейін салтанатты жиын концерттік бағдарламаға ұласты. Әншілер патриоттық әндерді шырады. Елге қызмет етіп жүрген қайраткерлердің ізбасарлары, жас та болса өз саласында көзге түсіп жүрген жас өрендер жұртқа таныстырылды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Ғибратты Ғалым абыройы

Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталған болатын.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, белгілі ғалымдарға, мәдениет және білім қайраткерлеріне, өндірістік сала өкілдеріне «Парасат» ордені берілді.

Олардың қатарында жерлесіміз, медицина ғылымдарының докторы, жоғары санатты хирург 88 жастағы Сергей Лохвицкий де бар. Қарағанды облысының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Медицина ғылымдары академиясының Құрметті академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының және Нью-Йорк ғылым



академиясының академигі Сергей Викторович Лохвицкийді мәртебелі марапатқа ие болды.

– Марапат еңбек адамын қанағаттандырады. Соңғы жылдары мемлекеттік марапатқа ие болғандардың дені – шынайы еңбек адамдары. Олар – кеншілер, металлургия, дәрігерлер, мұғалімдер, ауыл шаруашылығының майталмандары. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек адамдарының ел экономикасын ілгерілетудегі ерен еңбегін бағалап, лайықты құрмет көрсетіп отырған Мемлекет басшысына шынайы алғысымды жеткізім келеді, – дейді С.Лохвицкий.

Қарағандыда «Профессор С.Лохвицкий клиникасы» 1999 жылдан бері жұмыс істейді. Ол – Қарағандыдағы алғашқы жеке клиникалардың бірі. Екі қабаттан тұратын клиникада жыл сайын 1000-нан астам ота жасалады.

• ЕРТЕҢ – ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

## Жан жылуын сыйлаған

Бүгінде елімізде мүмкіндігі шектеулі, мүгедек, қарт адамдарды қоғамға бейімдеу мәселесіне ерекше ден қойылып отыр. Бұл істе негізгі жүк әлеуметтік қызметкерлердің мойнында. Олар баламен де, жаспен де, кәрімен де тіл табысып, денсаулық жағдайына қарай түрлі көмек көрсетеді. Медициналық көмек, кейде психологиялық немесе педагогикалық, мәдени, құқықтық көмек, тіпті, қарттардың үйін жинастырып, сүт-нанын, дәрісін әкеліп береді. Қыс демей, жаз демей, өз жауапкершілігіндегі жандарға асығады. Олар да әбден үйренген, күтеді.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Баланың бәрі бірдей

Нарғыз Ерзада – 16 жаста. Сал ауруына шалдыққан ол үйден білім алады. Әлеуметтік қызметкер Назигүл Сүлеймен

оған аптасына екі күн барады.

– Мен Нарғызды 7 жасынан бері білемін, – дейді Назигүл Мұратқызы. – 1 сыныпқа барғаннан бері келіп жүрмін. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу бөлек. Баланың денсаулығына, қажеттілігіне, көңіл-күйіне қараймын.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған мектептен келген педагогтың тапсырмасын орындаймыз. Нарғыз айтқанды тез қағып алады, тек, жазудан қиналамыз.

Сабак орындалғаннан кейін қалған уақытты Нарғыздың қалауына өткізеді. Кейде сурет салады, ертегі оқиды, бойды. Жапырақтардан жасалған аппликациясын көрсетті.

– Бір балаға 2 сағат бөлінеді. Оны өзіміз жоспарлаймыз. Бұл ретте баланың көңіл-күйіне баса назар аударамын. Бастысы, балаға жайлы болуы тиіс.

► 6-бет



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 502.14

• USD/KZT 476.28

• RUB/KZT 5.09

• CNY/KZT 65.07

Қазақстан Ұлттық Банкінің 28 қазан, 2023 жылғы дерегі бойынша





# Пәтер кілттері табысталды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Республика күні қарсаңында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев кезекте тұрғандарға жаңа пәтер кілттерін табыстады. Мерекедегі тосынсыз көпбалалы отбасыларға, балалар үйінің түлектеріне және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға бұйырды.

рып, жақында көшеміз, — дейді. Пәтер кілттерінің бірі табысталған Күміс алқа иегері, көпбалалы ана Ләззат Наурызбаева 13 жыл пәтер кезегінде тұрған.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көпқабатты үй Майқұдық ықшам ауданындағы Белинский 1/1 мекенжайында орналасқан. Жаңа ғимаратта екі және үш бөлмелі 50-ден 100 шаршы метрге дейінгі пәтерлер бар. Үй аумағында балалар ойын алаңы және тренажерлар орналасқан.

— Республика күні қарсаңында көптен күткен баспанаға қол жеткізулеріңізбен құттықтаймын! Сіздер үй кезегін ұзақ жыл күттіңіздер. Мен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. 72 пәтер есіне амандық, денсаулық, бақыт, табыс тілеймін. Жаңа үйлеріңіз жаңа толсын! Әрқашан бақыт орнасын! — деді аймақ басшысы.

Пәтер кілттерінің бірі балалар үйінің түлегі Наталья Зиминаға бұйырды. Наталья балалар үйінен кеткеннен кейін баспана жалдап тұрған.

— Пәтер кезегін 2007 жылдан бері күттім. Алғашқы жылдары қиын болып, жиі пәтер



ауыстырдым. Маған тұрғын үй бөлінетінін айтқан кезде сенелім алмадым. Пәтер іші жылы, кең әрі электр плитасы бар екен. Екі қызыммен бірге тұсақағ жапсы-

— Пәтер құрылысы мемлекеттік стандарттарға сай. Жаңа қонысқа не болуымыз отбасылық ахуалымыздың жақсаруына жол ашады. Үйіміздің іші қуаныш

пен балалардың күлкісіне толсын деп тілеймін, — дейді пәтер иесі Ләззат Наурызбаева.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# «Көк Тудың желбірегені...»



Ұлттық мереке қарсаңында елдің мерейін тасытып, мәртебесін асырған игі шаралар десек, дәл мереке — 25 қазан күні халықтың жиылып, Әнұран шырқап, Тудың көтерілуі рухты сілкіткен іс болды. Ол күні Қарағанды қаласының қасиетінде орналасқан Ту алаңына жиылғандардың қатары қалың еді. Қоғам және мемлекет қайраткерлері, әскери қызметшілер, ардагерлерден бастап, қарапайым тұрғындар да осы арадан табылды. Халықтың дені ұлттық киім киіп келгенін де айта кеткен жөн.

**Жан АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»



Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Ту көтеру салтанатына жиналған барша халықты мерекемен құттықтап, оның мән-маңызын атады. Берекелі елге ғана ырыс қонатынын жеткізді.

— 25 қазан — еліміз үшін маңызды күн. Дәл осы күні 1990 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің негізі болған еліміздің егемендігі туралы Декларация қабылданды. Қазақстан өз алдына ұлыс болып бөлінді. Ендігі уақытта ымыра-бірлігіміз ыдырамасын, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Былтырдан бері Республика күні Ұлттық мереке мәртебесін иеленген еді. Араға бірер жыл салып, қайта жаңғырған бұл күн елімізде кеңінен аталып өтеді. Бұл күн — әрбір қазақстандық үшін азаматтық келісім мен ұлттық бірліктің, елдің бүгінгі мен болашағы үшін ортақ жауапкершіліктің мерекесі.

Мерекеңіз салмағын қазіргі уақытта еліміздің әрбір азаматы бағамдай алады. Тәуелсіздікке бастау болғанын түйсінеді. 33 жыл бұрын қабылданған егемендік туралы Декларация ел үшін көптеген тарихи саяси қадамдарға негіз болды. Соның нәтижесінде бүгінгідей ымыра-бірлігі жарасқан, тұтастықты ту еткен бейбітсүйгіш елге айналды. Әлемдік саяси сахнадан өзінің бейбіт қоғам құрған ел екендігімен орнын ойып алды. Татулықтың Қазақстан моделін қалыптастырды.

Қазақстанда тұратын әр ұлт пен ұлысқа кемдік көрсетпеген еліміздің дүние жүзінде жүзі жарқын. Ендігі міндет — ұрпақтың бойына отансүйгіштікті одан әрі сіңіру.

Қазақстанда тұратын әрбір азамат бүгінде өзін елінің патриоты санайды. Қарағанды қаласының тұрғыны Жаннұр Серікова Әнұран шырқалғанда, тіпті, көзіне жас алғанын да жасырмайды. Бойды шымырлатып, жүректерге қуат берген Әнұран — елдіктің белгісі.

— Мен өзімді патриоттың деп есептеймін. Өз елімді, туған жерімді қадірлеп, бағалаймын. Егемендік бізге оңай келмеді. Баба білегінің күші мен аналарымыздың ақ сүтімен жеттік осы күнге. Бүгінгі мереке бастауында Әнұран шырқау барысында көз жасқа ерік бердім. Біз көрген бейбітшілікті қанша қыршын көрмей кетті, — деді қала тұрғыны Жаннұр Серікова. Бұл күнге жете алмай, азаттықтың ақ таңы жолында арманда кеткен арыстар мыңдап саналады. Олардың ұлт үшін жан пида ерліктері жұртымыздың мәңгі жүрегінде.

Мемлекеттік Туды көтеру рәсімі Қарағанды облысының барлық қалалары мен аудандарында да өтті. Бір уақытта өткен шарада жаппай шырқалған Әнұраның ел есінде қалары даусыз. Өйткені, ол — тарихи сәт еді.

# Тұрғындар тілегі ескеріледі

Шет ауданының тұрғындары аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев пен басқарма басшыларына өңірдің өзекті мәселелерін баяндады. Тұрғындардың күйттегені — ауданишілік жолдардың жай-күйі, сапалы ауызсу, интернетпен қамтамасыз ету тәрізді жалпы халықтың өмір сүру деңгейінен көрініс беретін жайттар. Жаңа форматтағы қабылдау Ақжал кентінің мәдениет үйінде өтті.

— Проблемамыз — ұзындығы шамамен 160 шақырым болатын Мойынтыдан Ағадарға дейінгі жолдың жағдайы. Өңір басшысы мұндай учаскені бірден күрделі жөндеу мүмкін болмайтынын түсіндірді. Қарамағындағыларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын бақылауды тапсырды, — дейді Босақа ауылының тұрғыны Жомарт Тағылбек.

Қарабұлақ ауылы тұрғындарының да бұйымтайы — жолдың жайы. Олар елді мекенді Ақжал ауылымен байланыстыратын 18 шақырым грейдерлік жолды асфальттауды сұрай келген.

Сондай-ақ, қарабұлақтықтар жазда суусыз қалатынын да айтты өңір басшысына.

— Ішіп отырған суымыз кермек, ащы. Алты шақырым жерде орналасқан ескі ұңғыманы қайта жаңғыртуды ұсынамыз. Егер оны қалпына келтірсе, мәселе шешіледі, — деді Қарабұлақ ауылының тұрғыны Жұмағали Тәже-



нов. Ал, ақжалдықтар болса, сапалы интернет керектігін алға тартты.

Кездесуге келген жергілікті ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Қамбарұлы ауылдық елді мекендерде ветеринар тапшы дейді. Тіпті, аталған қызметтің автопаркін жаңартса да артық емес. Өңір басшысы барлық сұрақ-

тар мен ұсыныстарды жазып алды. Олар бойынша нақты шешім қабылданады.

Облыс әкімі ақжалдық жастарға «Nova цинк» компаниясы салып берген спорт кешенінде де болды. Кешен 2004 жылы тұрғызылған. Бұл жерде балалар спорттың 11 түрімен айналысады, бас-сейіп де бар.

Одан бөлек, тағы бір спорт кешені берілген. Онда екі үлкен зал, қажетті құрал-жабдықтар, киім ауыстыратын бөлмелер, душ қарастырылған.

— Кешенде 70 бала спортпен айналысады. Тәрбиеленушілеріміз биыл облыстық, республикалық және халықаралық турнирлердің жүлдегерлері атанды. Олимпиада чемпиондарын тәрбиелейміз деп үміттенеміз, — дейді дзюдодан және самбодан әлем чемпионы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Болат Манабаев.

«Nova цинк» кәсіпорнының жергілікті қазандығы бар. Ақжалдағы 16 көпқабатты үйді, 13 жеке үй мен әлеуметтік нысандарды жылумен қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында кентте кезекте тұрғандар қатарынан төрт көпбалалы отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда. Олар үшін екі жаңа үйде пәтер са-тып алынады.

Өз тілшімізден  
Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Спортшы бағы баппен келеді

Ұлттық мерекенің мәнін өңірлерде ел игілігіне берілген әлеуметтік нысандар, бұқараға табысталған баспаналар аша түсіп, егеменді елдегі бейбіт өмір мен береке-бірліктің маңызын одан әрі айшықтай түскенін атап өту ләзім. Аймақтың әр аудан, қаласында көпшілікке қуаныш сыйлаған мұндай сәттер жалғасты болды. Соның бірі — Қарағанды қаласындағы облыстық дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің ашылуы. Бұл диспансер әлемдік аренада ел намысын қорғап, көк байрақты шырқау биікте желбіретіп, Әнұранды жат жерде шырқатып жүрген спортшыларға медициналық қызмет көрсететін үр жаңа орталық.

**Жан АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрын жұмысы қарқынды жүрген спорт диспансері 90-шы жылдардағы дағдарысқа байланысты жабылып қалған. Алайда, араға біршама жылдар салып, қайта түлеп, жанданды. Енді жергілікті спортшылар қайтадан орталықтан-дырылған медициналық қызметтер алу мүмкіндігіне ие. Бұған дейін оларға мұндай қызмет үшін Алматыға баруға тура келген екен. Бұдан былай алысқа ат арыптастан, мұнда кешенді тексеруден өтеді. Қажеттілік туындаса, оңалту да жасалады. Қазіргі таңда 36 дәрігер және 19 орта медициналық қызметкер жұмыс істейді. Штат білікті мамандармен толықтырылған. Атап айтқанда, травматолог, кардиолог, невропатолог, ортопед, реабилитолог пен психолог спортшыларға кез келген көмек түрін беруге әзір.

Барлық бөлмелер заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Диспансердің 29 бөлмесінде қажетті медициналық тексеру аппараттары бар. Ем-шара, физиотерапия және массаж бөлмелері де

керек-жарақпен толық жабдықталған. Оған қоса орталықтың жеке зертханасы жұмыс істейді. Емдік дене шынықтыру залының да алар орны зор.

Жаңарған нысанның салтанатты ашылуына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, жерлесіміз, Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев арнайы қатысты. Аймақ басшысына дәрігерлер қауымы қызмет барысының қалай жүзеге асатынын туралы баяндап берді.

— Біздің басты міндетіміз — спортшыларды тексеру және оңалту. Сондай-ақ жарыстардан, дайындық кездерінде алған жарақат салдарынан болатын залалдың алдын алу. Халықаралық ауқымды додалардан соң қайта қалпына келтіру курстарын жүргізу. Қазіргі уақытта мекемедегі медициналық қызметтер мемлекеттік ұйымдарда спортпен айналысатын жерлестерімізге тегін ұсынылады. Болашақта жеке спорт клубтарының мамандары және ондағы жаттықтырушылар мен жаттығушылар да жүгіне алады. Қазір біз тереңдетілген медициналық тексерулер жүргіздеміз. Бұл жобаға біз алдын ала мұқият дайындалдық. Орталығымыз көп



жылдардан бері қаламызда тұңғыш рет іске қосылды. Бұл — айтарлық жаңалық. Спортшылар дән риза. Енді ешқайда барып уақыт пен ақша шығындаудың қажеті жоқ. Біздің базамыз өте жақсы, мамандар — жоғары білікті. Әр науқасқа жеке көңіл бөлеміз, — дейді спорттық медицина бөлімінің меңгерушісі Лилия Таранок.

Спортшылардың ыстық ықыласын спорт ардагері Валерий Громов жеткізді. Ардагер бұл нысанның есігін айқара аштың Республика күніне таптырмас, әрі баға жетпес сыйлық деп санайды.

— Бүгінгі таңда спортты медицинасыз елестету мүмкін емес. Себебі спортшылардың алға қойған мақсатына жетуі үшін денсаулық керек. Медициналық қолдаусыз спортта нәтиже шығуы неғай-

біл. Қарағандылықтар үшін бұл, әсіресе, желесі жылғы Олимпиада ойындары қарсаңында керемет сыйлық. Бұл орта-



25 қазан  
**РЕСПУБЛИКА КҮНІ**

осы жерде бәрі қолжетімді, — деп ол.

Президент тапсырмасына сай өңірде спортшыларға айтарлықтай көңіл бөлінуде. Осылайша аймақта даярлау және спорттық медицинаны дамыту үшін заманауи инфрақұрылым құру туралы тапсырмасы табысты жүзеге асты.

«Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет. Қаржы тапшылығы жағдайында кәсіби спорт клубтарының толығымен мемлекет есебінен ұстаудың мағынасы жоқ. Мемлекет пен квазимемлекеттік компаниялардың бюджетінен миллиардтаған теңге тиімді жұмсалмайды. Бұқаралық спортқа, дене шынықтыруға және, әрине, балаларға басымдық беру керек», — деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана жұлдегерлерін қабылдаған салтанатты сәтте. Бүгінгі арнайы спорттық сауықтыру диспансерінің де ашылуы сол тапсырма орындалысының қорытындысы деуге толық негіз бар.

Жалпы, деректерге жүгінсек, облыстың спорт ұйымдарында 28 мыңнан астам тұрғын шынығады екен. Бұдан бөлек, 35 мамандандырылған және балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, олимпиадалық резервті даярлау орталығы, екі жоғары спорт шеберлігі мектебі жұмыс істейді. Бұл — аймақтың бұқаралық спортты дамытуда алдыңғы қатарда екенінің көрсеткіші. Осы күні облыста бұқаралық спорт нысандары құрылысының қарқын алғанына көпшілік куә.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



САЙЛАУ – 2023

# Өңірді дамытуға өзіміз жауаптымыз

**5 ҚАРАША**  
**НОЯБРА**  
**2023**

**АУДАҢДАР МЕН ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ**

**САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?**

- Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге құқылы
- Сайлау учаскелерінде сайлаушылар дауыс беру күніне 15 күн қалғанда сайлаушылар тізіміне өздері туралы енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады
- Сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу немесе сайлаушылар тізіміне енгізу қажеттігі туралы өтініштерді сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды
- Мақұлданбаған жағдайда азаматқа дәлелді шешімнің көшірмесі кешіктірмей беріледі

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін тікелей сайлау – Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан саяси реформалардың маңызды кезеңдерінің бірі. 5 қазанда тұрғындар пилоттық режимде өздері сенім артқан және туған өлкең экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын адамға тікелей дауыс беруге мүмкіндік алады.

Тұрғындардың мүддесін көтеруге бағытталған сайлау саяси реформаларға тың серпін береді және халықтың ел басқару ісі мен шешім қабылдау үдерісіне араласуға жол ашады. Осы орайда тұрғындар «біз елді мекенімізді, ауданымызды дамытуға жауаптымыз» деген ойды саналарына берік сіңірулері керек. Өйткені, билік басына лайықты кандидаттың келуі біздің дауысымызға тікелей байланысты. Сондықтан сайлау процесі ашық, әділ және сыртқы күштердің заңсыз ықпалынсыз болуы маңызды.

Бүгінде саяси партиялар өз кандидаттарын жергілікті атқарушы органдарға ұсынуудың нақты мүмкіндігіне ие болды.

Олардың сайлауалды бағдарламаларын тыңдауға және жүзеге асыруға арналған барлық құралдар бар.

Жалпы, Осакаров ауданында 42 сайлау комиссиясы бар. Оның біреуі – аумақтық, 41-і – учаскелік комиссиялар. Құрамында 224 адам бар сайлау комиссияларының мүшелері төрт саяси партияның өкілдері. Учаскелер білім беру және мәдениет мекемелерінде орналасқан.

5 қазаннан бастап апта сайлау учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері офлайн және онлайн режимде оқудан өтті. Сайлау учаскелерін тексеру, сайлау күніндегі әртүрлі жағдайларды практикалық талдау және

сайлау құжаттамасының рәсімделуімен танысу үшін ауылдық округтерде де жұмыстар жүргізілді. Сайлаушылардың тізімін жергілікті атқарушы органдар учаскелік сайлау комиссияларына тапсырды. Одан бөлек, ұйымдастыру жұмыстары, мүгедектігі бар адамдар үшін жағдай жасау және тағы басқалары бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Сайлау учаскелерін электрмен, жылу энергиясымен, интернетпен үздіксіз қамтамасыз ету; қоғамдық тәртіп пен өрт қауіпсіздігін сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылуда.

Жалпы, Осакаров ауданы бойынша аудан әкімі лауазымына кандидаттарды ұсыну 16 қыркүйектен басталып, 5 қазан күні аяқталды. Жалпы, кандидат ретінде 4 адам тіркелді. Атап айтқанда «AMANAT» партиясынан, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясынан, «Ауыл» Ха-

лықтық-демократиялық партиясынан және «Қазақстан халық партиясынан» бір-бір кандидаттан бар. Бірақ, «Ауыл» партиясынан тіркелген үміткер өзінің өтініші бойынша кандидатурасын алып тастады.

Аудан әкімдерін тікелей сайлау халықтың билікке деген сенімін және әкімдердің халық алдында есеп беруін күшейтуге, халықтың өтініштері мен проблемаларына ден қоюның жеделдігін арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Сондай-ақ, бұл қадам «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған.

Бұл – үлкен әлеуметтік және қоғамдық-саяси тәжірибе. Оны тиімді пайдалану және жергілікті қауымдастықтардың және жалпы елдің өмірін түбегейлі өзгертетін нақты және маңызды жетістіктерге қол жеткізу өз қолымызда.

**Дана МОЛДАҒАЛИЕВА,**  
**Осакаров аудандық сайлау комиссиясының төрағасы**

ФОРУМ

## Тілі бірдің – тілегі бір

Ұлтаралық татулықтың қазақстандық моделі – тіл. Көптілді ел бірлігінің негізі тіл бірлігінен бастау алуы тиіс. Жастардың пікірінше, мемлекеттік тілді қазақстандық этностардың қатынас құралына айналдыруы – маңызды.

дін маңызын ерекше атап өткен. Осыған сәйкес облыстағы тіл саясаты мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге бағыт-



**Аяулым СОВЕТ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

«Достық» үйінде мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» облыстық форумында жастар қазақ тілін үйренудің әдіс-тәсілдерін ортаға салды. Тілді жетік меңгерген этномәдени бірлестік өкілдері қазақ тіліне жанашырлық танытып, оқытуға мән беру қажет екенін атады.

Форумға қатысқан жастар мемлекеттік тілдің рөлін күшейту мәселелерін талқылады. Шарада Шәкәрім атындағы гимназияның оқушылары өлең оқып, күй шертіп, өнерлерін ортаға салды.

Жиында қазақ тілінің деңгейін көтеруге атсалысып, насихаттауға үлес қосып жүрген тіл жанашырлары сөз алды. Облыстағы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған жұмыстарға тоқталды.

– Республикамыздағы көптілділіктің негізі бірі Қарағандыда тарихи тұрғыдан бауырлас болып кеткен 100-ден аса этнос өкілдері келісім мен достық қарым-қатынаста өмір сүріп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Тіл өткен тарихпен ғана емес, сонымен қатар, бүгін мен болашақты байланыстыратын маңызды құрал» деп мемлекеттік тіл-

талған, – деп атап өтті облыстың тілдерді дамыту басқармасының басшысы Салтанат Әбеуова.

Басқарма басшысының айтуынша, мемлекеттік тілді үйренуге ынтасы бар өзге этнос өкілдерінің қатары жыл санап арта түсуі қуантарлық жағдай. Қазіргі таңда қазақ тілін оқыту курстарымен қамтылғандардың шамамен 60%-ы – этнос өкілдері. Оған қоса 2011 жылмен салыстырғанда қазақ тілін үйренемін деушілер саны үш есе, ағылшын тілін үйренушілер 8 жарым есеге өскен. Заман талабына сәйкес тіл оқыту жұмыстары үздік әдістемелермен жетілдірілуде. Сондықтан, биыл веб-сайтымен QR-кодталған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік ке-

шенін әзірлеу жұмыстары қолға алыныпты.

– Кейінгі жылдары кәсіпкерлік және қызмет көрсету салаларының өкілдерін оқыту ерекше назарға алынды. Осыған орай қоғамдық қызмет көрсету орындарында қазақ тілінде сөйлеу үшін қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылған. Жыл басынан бері «Абзал», «ЦУМ» сауда үйлері мен жастар коворкинг орталықтарында, сонымен қатар, тіл оқыту орталығында сауда орындарының қызметкерлері және жеке тұлғалар оқытылады. Осындай жұмыс Теміртау, Балқаш, Шахтинск, Саран, Приозерск қалаларында, Бұқар жырау, Абай, Нұра аудандарында жүріп жатыр, – деді Салтанат Әбеуова.

Сөз алған Қарағанды университетінің доценті Жанбырбай Қағазбаев тілдің рухани тұрғыдан қалыптасуға, мемлекет азаматы ретінде тәрбиеленуге әсер ететін бірден-бір құрал екенін атады.

– Тілдегі сөздердің қорын байытып, тіл білімін нығайтуда ғылыми бағытты қолдану – маңызды, – деді Жанбырбай Қағазбаев.

Блогер Алексей Лодочников «Осы қоғамда өмір сүріп, еліміздің дамуына өз үлесімді қосып отырмын. Мен үшін мемлекеттік тіл – менің екінші ана тілім. Осы тілде ойлаймын, сөйлеймін. Тілге деген құрметім бала кезден қалыптасқан» деп атап өтті.

Форум соңында облыс әкімі орынбасарының Алғыс хатымен Теміртау қаласының жеке кәсіпкері Н.Арыстанова, облыстың тілдерді дамыту басқармасының әдіскері Айгүл Именова, Абай ауданының әнісі Кристина Замерчук, «Шабыт» қазақ ұлттық өнер университетінің дәстүрлі музыкалық өнер факультетінің студенті Кристина Осуховская марапатталды.

## Емтихан тапсырудың жаңа әдісі



Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында жүргізуші куәлігін алу үшін теориялық емтихан тапсырудың жаңа ережелері енгізілді. Ережеге сәйкес, сынақ қабылдаудағы ұйымдастырушылық-технологиялық үрдістерді Мемлекеттік корпорация өзі жүзеге асырады. Бұған дейін аталған міндетті аутсорсингтік компаниялар атқарып келген болатын.



Жаңа ережені енгізуге «Азаматтарға арналған үкіметтің» мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарына келген клиенттердің шағымы негіз болған. Атап айтқанда, жедел қызмет көрсетуді талап еткен көпшіліктің ұсынысынан кейін Мемлекеттік корпорация тестілеу процесін өзі ұйымдастыруға шешім қабылдады. Мамандар бұл өз кезегінде тестілеудің сапасы мен қауіпсіздігін арттыратынын айтады.

Ескі әдіс бойынша теориялық тестілеуде жол қозғалысы ережелері «2.0 жүйесі» арқылы жүргізілсе, 16 қазаннан Мемлекеттік корпорация жол қозғалысы ережесін «3.0» жүйесіне көшірді. Нәтижесінде жүргізуші куәлігін алу

ашық әрі әділ түрде өтпек.

– Теориялық емтихан барысында аудио және бейнежазба қолданылады. Сырттағы адамдар күту залдарындағы және онлайн жүйесінде өтіп жатқан емтиханды көре алады. Емтихан кезінде көмекші құралдарды пайдаланғандар 3 ай бойы сынақ тапсыра алмайды. Тәжірибеде осындай құқық бұзған клиенттер болды, – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Қарағанды облыстық филиалының баспасөз хатшысы Қуаныш Сейтханов.

Сынақтан сүрінген үміткерлер келесі күні емтиханды қайта тапсыра алады. Ал, емтиханнан қатарынан екі рет өте алмаса, бір айдан кейін ғана тестілеуге кіре алады.

**Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ.**

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## Себеп анықталды, салдары бақылауда

Ауылдағы ағайын үшін мал-жаннның амандығы дүниенің байлығымен тең. Өкінішке орай, Абай ауданы Топар ауылындағылар кешелі бері алаң күй кешкен. Сібір жарасы анықталып, елді мекен толық карантинге жабылды. Ауру жұқтырған бір науқас кеше көз жұмды.

**Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

«Сібір жарасын» жұқтырған деген диагнозбен облыстық клиникалық аурухананың жансақтау бөліміне түскен 1948 жылы дүниеге келген пациентке жедел тиісті ем-дом шараларын жасаған. Алайда, ақ халаттылар пациенттің медициналық көмекке кеш жүгінгенін айтады.

«Сібір жарасын» жұқтырған деген диагнозбен әуелде облыстық клиникалық ауруханаға төрт науқас түскен.

– Біздің орталыққа «Сібір жарасы» деген диагнозбен төрт адам түсті. Оның үшеуінен ауру анықталды. Төртінші пациенттің

талдау нәтижелері ауру белгілері анықталмағанын айғақтады. Дегенмен, науқас профилактикалық ем алу үшін инфекциялық бөлімде тағы 5 күн болады. Үш науқас бір отбасының адамдары. Оның біреуі кеше жансақтау бөлімінде қайтыс болды. Жағдайы ауыр болды. Науқастың жағдайына байланысты өңірдегі білікті дәрігерлердің қатысуымен республикалық консилиум өткізген болатынбыз. Бірақ, аман алып қала алмадық. Ал екі науқас басқа бөлімде. Жағдайлары – орташа. Қазір тиісті ем-шаралар қолданылып жатыр, – дейді облыстық клиникалық аурухананың инфекциялық орталығының жетекшісі, Қарағанды медицина универси-



тетінің инфекциялық аурулар кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ержан Жүнісов.

Ауылдың кіре берісіне блок бекет қойылды. Санитарлық тексеру жұмыстары қатаң жүр-

гізіліп жатыр. Ауылға Жартас жағынан кіретін екінші жол да жабылды.

«Сібір жарасы» ауруының себебі де анықталды. Өлгіндегі отбасы ауырып тұрған 8 айлық

бұқасын соймақшы болыпты. Етін саудалауға емес. Өздеріне. Содан кейін аурудың алғашқы белгілері сезіле бастапты. Олармен байланыста болған 30 адаммен профилактикалық іс-шара жүргізілгенін айтты, сала мамандары.

– Мамандар ауру малдың етін өртеп жіберді. Мал ешқайда жайылмаған. Тек, үйдің ауласында тұрған. Қазір ошағын табу үшін жұмыстар атқарып жатырмыз. Мысалы, ауру басқа малдан, шөптен жұғуы да мүмкін. Жеген кезде аузында жара болса, сол арқылы да жұғуы ықтимал. Жем-шөпті де қараймыз, бәрінен сынама алынды, қазір референттік орталықта тексерілуде. Жақында белгілі болады, – дейді Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің бас сарапшысы Азамат Өмірқұл.

«Барлық тексерілген ошақтарда дезинфекция жүргізілді, ветеринария мамандары үйлерді аралап, малдарды клиникалық тексеру және термометрия өткізіп, егу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті арқылы ветеринариялық препараттардың республикалық қорынан вакциналар мен дезинфекциялық құралдарға қажеттілік толық қамтамасыз етілді», дейді аумақтық ветеринария басшылығы.

Енді, елді мекеннен мал және сүт өнімдерін алуға және кіргізуге қатаң тыйым салынды. Мал союға да, аталған аумақтан жем-шөп тасуға да рұқсат жоқ. Ветинспекция мамандары мынаны айтады. Елдің өзінен де бар. Мал ауырып тұрса да, «Сойып, етін жесең» дейді. Ал, ол қалай ауырды? Етін тұтынуға бола ма? Бұған ешкімнің бас қатырғысы жоқ.

Сол себепті де қауіп қайдан деменіз...





# Айтулы өнер шаңырағы

Мәдениетіміздің мақтанышына айналған, өз облысымыздағы өнердің қарашаңырағы Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі өзінің 85 жылдық мерейлі мерекесін атап өткелі отыр. Бұл айтулы ұжым Арқа жеріндегі талантты да дарынды әншілер шоғырын топтастырып, кеншілер өлкесінде 1938 жылдың 6 наурызында облыстық филармония ретінде құрылған болатын. Ал, 1990 жылдың 16 сәуірінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен ұжымға Республиканың Халық артисі Қали Байжановтың есімі берілді. Алғашқы жылдардан бастап-ақ осынау өнер шаңырағы қалып жұрттың жүрегіне жол тауып, талғамын тәрбиелеп, музыка мәдениетін сіңіруді жолға қойып, өз міндетін ойдағыдай атқарып келеді.

## Өткен күнде белгі бар

Осынау ұжымның алғашқы легінде кейіннен мәртебелі атақ-абройларға ие болған, Қазақ КСР-нің халық артисі Жүсіпбек Елебеков, Қали Байжанов, Борис Орлов, Нұғыман Әбішев, Зәбира Жұбатова, Рахия Қойшыбаева, Үрия Тұрдықұлова, Қосымжан Бабаков, Мағауия Хамзин, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артистері Валентина Пирогова, Қуан Лекерев, Мағауия Көшкімбаев, Алтын Әлиева, Қайныкен Әлімбаева тәрізді өнер тарландары еңбек еткендігін мақтанышпен атап айтуға болады. Осылардың ішінде Қали Байжанов аталмыш ұжымның іргесі бекіп қалыптасуына, өркен жайып, өсуіне аса зор ықпал етіп, үлесін қосты. Қалекен осында жүріп, 1938 жылы Республиканың еңбек сіңірген артисі, 1945 жылы Халық артисі атақтарын алды. Қазақ өнерінің осындай жұлдыздары іргетасын қалаған ұжым бүгінде еліміздегі іргелі де беделді, мақтан тұтар айтулы өнер шаңырақтарының бірі болып отыр.

Иә, бүгінде мерейлі мерекесін атап өтіп отырған ұжымның тарих беттерін парақтасақ, осы жылдар легінде филармония жанынан құрылған қаншама ансамбльдер, оркестрлер, шығармашылық топтар өздерінің шынайы өнерлерімен жарқырап көрінді, сахнаның сәні болып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Олар халқымыздың рухани жағынан байытумен бірге, мәдениетіміз бен өнеріміздің небір шұрайлы шығармаларын, салт-дәстүріміздің озық үлгідегі інжу-маржандарын тек елімізде ғана емес, сондай-ақ одан тыс алыс-жақын шетел жұртшылығына да кеңінен насихаттауда қыруар істер тындырды. Ендігі әңгімеміз осылар жайында сыр шертеді.

«Сарыарқа» ансамблі – 50-жылдардың басында филармония жанынан құрылған алғашқы қарлығаштардың бірі. Қазыбай Ешімов, Ләйлә Қажымұратова, Жаңыл Қартабаева, К.Жетімтаева тағы басқалары тәрізді өнер иелері ансамбльдің құрамына енді. Осылардың ішінде жүрекке жылы тиетін қоңыр дауысы (баритон) бар Қазыбай Ешімов өте талантты әнші болды. Ол 1936 жылы Мәскеудегі онкүндікке қатысып, «Тілеукаба», «Назқоңыр», «Алқоңыр» әндерін шырқап, Мәскеу халқын тәнті еткен. Ал, Алматының хореографиялық училищесін бітіріп келген биші Ләйлә Қажымұратованың өнері көпшіліктің көңілінен ұдайы шығып, жұртшылықтың жылыласын иеленді. Сондай-ақ, Жаңыл Қартабаеваның домбырамен қосылып айтқан әндері республикалық радиодан жиі беріліп, халықтың жүрегіне жол тауып жатты.

Сонымен бірге Қазақ КСР-нің Халық артисі Зәбира Жұбатова мен Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі Алтын Әлиева жетекшілік еткен өнерлі топтар аудандар мен алыстағы елді мекендерге шығып, еңбек адамдарын әнмен сусындатып, күймен әлдиледі. Осынау топтарға кейіннен әншілер Нұрсұлтан Тәженова, Ақатай Көпбаев, Мұқан Есіпов, биші Шора Әлішев, кобызшылар Шалғынбай Төлеубаев, Қарлығаш Әлмұқанова, домбырашы Тұңғышбай Игенбеков, баяншылар Василий Дворников, Александр Завьялов келіп қосылды.



арқылы жүзеге асып жатты десем, шынайы шындық.

Шет елдерден, әлемнің түпкір-түпкірінен келетін артистердің қай-қайсысы болсын қарағандылық көрермендердің жалпы халқымыздың өте нәзік сезімталдығын, талғампаз-талапшылдығын жоғары бағалайтындығына өзін де куә болдым.

## Өнер өрінде

Ендігі жерде Қарағандының өз оркестрлері мен ансамбльдерін құру мәселесі күн тәртібінде тұрды.



1955 жылы Александр Варламовтың басқаруында құрылған тұңғыш эстрадалық оркестр, қала өміріндегі ерекше жаңалық болып саналды. Негізі эстрадалық деп аталғанымен оркестр өз репертуарында джаз музыкасын мольнан қамтыды. Бүгінде «Варламовтың ізбасары» атанған Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері, бас дирижер әрі көркемдік жетекші Игорь Андрейченко басқаратын Джаз оркестрі елімізде ғана емес, шетел жұртшылығына да кеңінен танымал. Жалпы, біздің қаламызда музыканың, өнердің мықты мектебі қалыптасқан десек, оның алғашқы іргетасын осындай аса талантты өнер иелері, тамаша азаматтар қалаған болатын.

1945 жылдың 10 мамырында Қарағанды филармониясы Жамбыл атындағы Қазақтың Мемлекеттік филармониясының филиалы болып қайта құрылып, оған А.Стародубенко жетекшілік етті. Бұдан соң Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атанған Петр Яновичкий 30 жылдан астам басшылық етті. Ұжымның келесі жетекшісі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Ян Симановский болған-ды. Кейінгі жылдары концерттік бірлестіктің бас директоры Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері Зейнолла Мейрамбеков болды, ал, 2008 жылдан бастап, бас директорылыққа белгілі әнші Талғат Ыдырысов тағайындалды.

Осы кезеңдер ішінде ұжымның мықты құрамы қалыптасқандығын атап айтар едім. Ал, әрбір алға қойған іс-шаралардың ойдағыдай орындалуы, ұжымның ауызбіршілігі мен өз істерін жетік білетін бірлестік басшысының орынбасарлары Ғазиз Ажбағамбетов, Баян Ахметжанова, Алмагүл Сақипова, тағы басқа да басшылардың бірлесіп атқарған тиянақты жұмыстары

Байғара Сәдуақасов жетекшілік ететін «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі – ұйымдасқан алғашқы күннен бастап-ақ өзгеше өнермен танылып, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты атанды, ансамбльдің репертуарында негізінен сирек орындалатын халық әндері мен күйлері қамтылған. Францияда болып, қазақ әуендеріне тыңдарманын тәнті етіп қайтқан-ды. Ал, енді Назгүл Әбілхан жетекшілік ететін «Аққу» фольклорлық-хореографиялық ансамблі де – «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Бүгінгі күні сахнамыздың сәні болып жүрген ансамбль репертуарында әлем халықтарының 40-тан астам биі бар. Тағы бір атап айтар қуанышты жай, аталған ансамбльдер жуырда ғана Оңтүстік Корея Республикасында өткен «Чонан-2023» фольклорлық ұжымдардың Халықаралық би фестиваліне қатысып, зор абыроймен оралды. Өнер ұжымдарын бастап апарған концерттік бірлестік басшысының орынбасары Баян Ахметжановамен тілдескенімізде:

– «Арқа сазы» ансамблінің сүй-

1992 жылы оркестрді басқаруға шақырылды. Мәстері өзінің бай шығармашылық тұжырымдамасымен келіп, ұжымның орындаушылық шеберліктерін жоғары деңгейге жеткізді. Оркестр еліміздегі ең үздіктердің қатарынан көрініп, «Академиялық» құрметті атағын иеленді. Ұжым мүшелері АҚШ, Франция, Швейцария, Швеция, Чехия, Иран, Ирак, Ресей, Оңтүстік Корея және т.б. елдерде гастрольдік сапарда болып өнер көрсетті. Ұжымның осындай биіктерге жетуіне концертмейстерлер – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, кобызшы Ғ.Болтаев мен Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері, домбырашы П.Ташимовтың мол үлес қосқандықтарын атап айтқан жөн.

Оркестрдің көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері Әбуғалисын Шоқанбаев, ал, бас дирижері «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы Ерлан Бактыгерей – академик-дирижер Фуат Мансуровтың шәкірті. «Жас келсе – іске» дегендей, өзісіне мығым Ерланның келуімен оркестрде жаңа леп, соны өзгерістер болғандығын ұжым мүшелерінің өздері де мойындайды. Жас мәстер күрделі бағдарлама әзірлеп, симфониялық оркестрмен де өнер көрсетіп, зор қошеметке бөленді.

«Мерей» ансамблі музыкалық лекторий негізінде құрылды десек, бүгінгі күні ансамбльдің көркемдік жетекшісі – Серік Асанбаев. «Арай» ансамблінің көркемдік жетекшісі, «Құрмет» орденінің иегері, дәстүрлі әнші – Сержан Мұсайын. Ал, енді, Мәдениет саласының үздігі, белгілі әнші Мүнира Мұқажанова ұзақ жылдар бойы «Әуен» ансамблінің көркемдік жағын басқарып келеді.

Арқа өңірін дәстүрлі әншілердің тоғысқан ортасы десек те қателеспейміз. Халқымыздың көнеден келе жатқан небір талантты дарын иелері – әншілерінің алтын қоры қалың жұртымен қауыштыруды ойлаған бірлестік басшылары ақылдаса келе, «Дәстүрлі әншілер» ансамблі ұйымдастыруға мұрындық болған-ды. Әуелеткен әнімен талай көрерменнің көз қуанышына айналған Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері, дәстүрлі әнші Дәуренбек Әркенов осынау ансамбльдің көркемдік жетекшісі.

емелдеуімен «Аққу» фольклорлық ансамблінің мың бұралған биші қыздарының өнерін қорей жұрты ерекше таманып, тамашалағандарын көріп қатты қуандық. Көрермендер қауымы зор қошемет көрсетті. Қазақ биі әлемдік үздіктер қатарынан көрінді, шексіз қуаныштымыз, – деді.



ансамбльдің іргетасын қалады. Қазіргі күні елімізге танымал әншілер Айтқұл, Қанат Құдайбергеновтер өнердегі тұңғыш қадамдарын біздің ұжымда бастаған-ды. Оларға Ә.Қашаубаев атындағы әншілер конкурсының лауреаты, кейіннен Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері атағын алған Мейірхан Адамбеков қосылып, ансамбльдің беделін көтеруге қолмақты үлестерін қосты.

«Гәккү» ансамблінің қазіргі мұрагері «Әуен» ансамблі деуге болады. 1995 жылы ансамбльді құруға атсалысып, оның алғаш шымылдығын ашқан Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері – Мақат Рымжанов. Ансамбль құрамына үздік өнерлерімен танылған әнші-орындаушылар топтасты.

Республикаға белгілі кобызшы

1983 жылы ұйымдасқан, қазірде Еркеғали Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестр – қалың қауымның ықыласына бөленген, кілең кәсіби музыканттар шоғырланған биік талғамды ұжым. Алғашқы дирижері Қазақстанның Халық артисі Төлепбергелі Әбдірашев болды. Әр жылдары оркестрді дирижерлер Н.Клинов, В.Норей, С.Ферулев, Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері Қ.Ахметов, П.Грибанов басқарып, оның қалыптасуына, өсуіне, шеберлігін шыңдауға көп еңбек сіңірді.

Академиялық симфониялық оркестр өзінің 40 жылдық тарихында талай даңқты дирижерлермен, әншілермен небір әлемдік сахна төрін ән-әуенге бөледі. Испания, Франция, Ресей, Украина, Германия елдерінің талғампаз жұртшылығын жоғары шеберліктерімен таң-тамаша қалдырды.

## Академиялық оркестр

1988 жылы облыс тарихына ерекше оқиға болып енген, 25 адамнан тұратын қазақ халық аспаптары оркестрі бас дирижері Дүйсен Укбайдың басшылығымен шаңырақ көтерді. Екі жылдан соң оркестрге шертпе күйдің атасы, ұлы күйші Тәттімбеттің есімі берілді.

1991-1994 жылдары бас дирижері Қарасай Сайжанов болды. Ал, сол кезде оркестрдің тұсауын кескен КСРО Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Шамғон Қажығалиев

Биыл қазан айының 12-28 күндері аралығында Халықаралық «Әуенді Сарыарқа» фестивалі өз шымылдығын XXIV мәрте көтеріп отыр. Облыс әкімдігінің және облыстық мәдениет басқармасының басшылығымен дәстүрлі өткізіліп келе жатқан «Әуенді Сарыарқа» фестивалінде әр жылдары Қазақстанның Халық артисі Жәния Әубәкірова мен Айман Мұсақожаеваның, Эльдар Спаравевтың, Тайваннан, Голландиядан, АҚШ-тан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан келген музыканттардың, КСРО Халық артисі Еркек Серкебаевтың, Бибігүл Төлегенованың, Әлібек Дінішевтің, Ерік Құрманғалиевтің, Лаки Кесоплудың, Роза Рымбаеваның, Сергей Захаровтың, Мансур Ташматовтың, сондай-ақ Фуат Мансуров, Шамғон Қажығалиев, Төлепбергелі Әбдірашев, Николай Калинин тәрізді дирижерлердің өнерлеріне көпшілік көрермен зор қошемет көрсеткен болатын. Ал, фестивальдің биылғы барлық бағдарламасы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің 85 жылдық мерейтойы аясында өткізіліп отыр. Фестивальге алыс-жақын шет елдерден, Республика көлемінен, мұхиттың арғы жағынан да өнер шеберлері, музыка майталмандары қатысып, қарағандылықтардың көзайымына айналды.

Сонымен, 85 жылдық тарихы бар, қаншама өнер ұжымдарының басын біріктіріп отырған қарашаңырақ бүгінде көрерменнің биік талабын қанағаттандыра оты-



рып, халқына қалтқысыз қызметін жалғастыра береді.

## Талғат Ыдырысов,

Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің басшысы:

– Өнер мен мәдениетіміздің кең қанат жайып өркендеп-өсуіне сүбелі үлес қосып келе жатқан ұжымның құрылғанына 85 жыл толып отыр. Бұл аз мезгіл болмаса да, заман ағымымен өте шыққан уақыт өлшемі емес, мәдениет майданында өнегелі еңбек еткен, қызығы мен қиындығы мольнан астасқан жылдар легі десек, дөп айтқанымыз еді. Қарағанды өңірі қашаннан ән мен күйге бөленген өлке екені дау тудырмасы анық. Күміс көмей, жезтаңдай әншілер мен саусағын желі бар күйшілердің басын біріктіріп, өнер ордасының шаңырағын көтеріп, уығын қадап, босағасын бекіту оңай шаруа болмаған-ды.

Өткен ғасырдың 30-жылдарының басында облыстық радионың жанынан қазақ хоры ашылғаны тарихымыздан мәлім. Құдіретті өнерге деген талпыныстың нәтижесінде тұма дарындар осы ортаға тоғысты. Дегенмен де филармонияның алар орны бөлек-ті. Хордың құрамындағы әншілер іріктеліп, филармонияға шоғырланды. Халықтық өнердің тарландары ұжымның шығармашылық деңгейін көтеріп, ел ішіндегі беделін асқаттатты.

Халыққа мәдени қызмет көрсетуде филармонияның маңызы өте зор болғандығын атап айтқанымыз жөн. Осы кезеңдерде кеншілер қаласы өркенді өнердің ордасына айналды десе болғандай. Халықтың дәстүрлі өнерімен қатар, классикалық музыканың дамуына да даңғыл жол ашылды. Бүгінгі күні ол республикадағы беделді, өзіндік айшықты қолтаңбасы бар ұжымдардың бірі болып саналады.

Осы орайда облыстық Мәде-

ниет басқармасын ұзақ жылдар бойы басқарған Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекованың өнер ұжымдарына, концерттік бірлестіктің беделін шексіз қамқорлығын айтпай кету мүмкін емес. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдары республикадағы көптеген мәдени ошақтары жабылып, өнер қауымы күнкөріс қамымен әр салаға тарағаны белгілі. Ал, біздің өңірдегі өнер мен мәдениет саласын, оның ішінде, концерттік бірлестіктің өнерпаздарын шашу шығармай ұстап қалу, мықты ұйымдастырушының қажырлы еңбегінің арқасында жүзеге асқандығын мойындауымыз қажет.

Олай болса, бүгінгі күні тағы бір мәртебелі белесінен аскалы отырған концерттік бірлестіктің барша өнер ұжымдарын, көрермендерін мерейлі мерекемізбен құттықтаймын. Ертені бүгіннен де нұрлы әрі жарқын болатындығына сенімдіміз.

Раушан НҰРША,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,

Суреттерде:  
Т.Ыдырысов,  
Еркеғали Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестр,  
Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрі,  
Джаз оркестрі



## «Өз үйім – өлең төсегім» Саранда 100 отбасы баспаналы болды

Аймақта Республика күні қарсаңында баспана бұйырған бұқараның саны артты түсті. Бұл күні пәтер кезегінде тұрған тұрғындардың бірқатары қоныстойын тойлады. Баспана бөлуде басымдық әуелі әлеуметтік әлжуаз тобына беріледі. Оның қатарында көпбалалы, толық емес отбасылар, ерекше қажеттіліктегі азаматтар және ата-ана қамқорлығын көрмеген жетім балалар бар. Құзырлы орындар мәліметінше, облыс тұрғын үй құрылысы жөнінен ел бойынша алдыңғы төрттік құрамында.

Бүгінгі таңда тұрғын үй құрылысы аймақтың барлық аудан, қаласында тоқтаусыз жүріп жатыр. Ескі үйлер жаңғырып, жаңадан бой көтергендері қанама. Құрылыстың бұлайша қарқын алуына мемлекеттік бағдарламалардың ықпал еткені даусыз. Соның бірі – «Нұрлы жер» бағдарламасы. Мерекеле дәл осы бағдарламамен тұрғызылған баспана кілті Саран қаласында жүз азаматқа берілді.



25 қазан  
РЕСПУБЛИКА  
КҮНІ

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша облыста барлық қаржыландыру көздері есебінен 662 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл шамамен бес мың пәтер. 2022 жылы 708,2 мың шаршы метр немесе 8 мыңға жуық пәтер салынды.

Соңғы жылдардағы көрсеткіштер ай-

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл үй – бес қабатты. Жоғарыда айтып өткеніміздей, «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы тұрғызылған. Пәтер кілттерін алған көп балалы және толық емес отбасылар, ерекше қажеттіліктері бар азаматтар, жетім балалар осындай шарапатты іс қылған мемлекетке риясыз ықыластарын білдірді. Саран қаласының 1-а шағын ауданы №28 үйдегі 100 пәтердің кілтін қала әкімі Еркін Баулықов тапсырды. Қала әкімі өз кезегінде жаңа үй иелерін қоныстарымен, әрі мерекемен құттықтады.

– Бүгін жаңа пәтер алғандар үшін айтулы сәт. Әр шаңыраққа ырыс-құт, береке-бірлік тілеймін, – деді Еркін Баулықов.

Саран қаласында кейінгі жылдары қоныстойын тойлаушылар легі молайып келеді. Бұған дейін де тұрғын үй кезегіндегі сарандықтар баспаналы болған. Жергілікті биліктің айтуынша, бұл іс әлі де жалғасын табады. Пәтерлі болған тұрғындардың қуанышында шек жоқ.

Олар қиындықта жалғыз қалдырмай, қамқорлық танытқан мемлекетке ризашылықтарын іркіп қалмады. Осындай мереке күні қуаныш сыйлағандарға алғыстарын айтып жатты.

Зоя Зардхан – көпбалалы ана. Өзінің мерекеле отбасымен бірге пәтерлі болғанына қуанышты. Халықтың әлеуметтік осал топтарына қамқорлық жасалғанына дән риза.

– Мен және менің отбасым бүгін



осындай айтулы күні жаңа пәтердің кілтін алғанымызға өте қуаныштымыз. Біздің жеке пәтеріміз болатынына сене алмай отырмыз. Баршаңызды мерекемен құттықтаймын! Елімізге өркендеу, бейбітшілік пен жақсылық тілеймін! – деді ол.

Пәтер алғандардың қатарында Алексей Алевеев те бар. Алексейдің жасынан мүмкіндігі шектеулі. Мынадай сыйлық жасаған мемлекетке рахмет айтып, Алексей көзіне жас алды. Жерлестерін ұлттық мерекемен құттықтап, елдің амандығын, аспанның ашықтығын тіледі.

Айта кеткен жөн, Қарағанды облысы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының дерегінше, 2021 жылы

мақта нақты тұрғын үй құрылысына бағытталған қаржы көлемі 26 млрд. теңгені құрағанын айтады.

Ал, қанаттас қалалардағы құрылыс өндіріс әлеуметтік-экономикалық дамуының тынысын аша түскен. Мәселен, Шахтинск қаласындағы жалпы ауданы 4,659 шаршы метр болатын жалдамалы 60 пәтерлі, Абай қаласында жалпы ауданы 5,3 мың шаршы метрлі құрайтын 80 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін мемлекеттік қаражат есебінен кезекте тұрғандардан 486 отбасын, оның ішінде, 199 көпбалалы отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

САРАН

## Тұрғындарға тарту

Республика күні қарсаңында 60 шахтинскілік тұрғын жаңа пәтердің кілтін не болып, қуанышқа кенелді. Кеншілер қаласының дәл ортасында орналасқан 60 пәтерлік бес қабатты бұл үйді «Қазжолқұрылыстех» ЖШС құрылысшылары қызыл кірпіштен салып, осының алдында ғана бітірген еді. Оған инженерлік-коммуникациялардың бәрі тартылып, үй иелері жарық та жылы, ыстық және суық суы ағып тұрған жайлы пәтерлерге қоныстанды. Атап айтқанда, оларға 3 бөлмелі 10, 2 бөлмелі 20, 1 бөлмелі 30 пәтердің ордері ұсынылған.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Соған байланысты салтанатта сөйлеген сөзінде Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков Президент тапсырмасына орай халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігін жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғаса беретінін айтып, соның дәлелі ретінде жаңа пәтерлердің кілтін иелеріне табыс етті. Мұндай игілікке сол күні 7 көпбалалы отбасы, 16 жетім, 37 әлеуметтік осал топқа жататын адам қол жеткізді.

Солардың арасында 3 бөлмелі пәтерге кірген Қамар Тәшімованың 5 баласы бар. Ал жетімдік салдарынан балалар үйінде тәрбиеленіп, одан кейін Сергей деген азаматпен тұрмыс құрып, екі балалы болғанын ұялдан күн кешкен Александра Кретованың шаттығында шек жоқ. Ол қала бойынша пәтер кезегіне 2009 жылғы тұрған екен. Енді, міне, 14 жылдан кейін сол арманы орындалып, өз алдына баспаналы болды.

Әдеттегідей бұл күнгі қуаныш үстінде шашу шашылып, ән-күйге де кезек берілді.

ШАХТИНСК

## Теміртаудағы той тамашалары

Теміртаулықтар еліміздің ұлық мерекесі – Республика күніне жан-жақты дайындалып, мұнда екі күн бойы бірнеше мазмұнды шара өтіп, оның тамашасы тұрғындардың есінде қалатын болды.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, Теміртау қаласының Менделеев көшесіндегі 6/2 мекенжайда орналасқан 5 қабатты ғимарат бұрын қонақ үй болыпты. Кейін ол жабылып, жеке меншікке өткен соң жаңа иелері оған жаңғырту жұмыстарын жасап, оны 65 пәтерлі тұрғын үйге айналдырған екен.

Міне, осы үйді Теміртау қалалық әкімдігі мемлекеттік тұрғын үй қоры есебінен қала бойынша пәтер кезегінде тұрған көпбалалы отбасылар мен әлеуметтік осал топтағы адамдар үшін сатып алған.

Республика күні қарсаңында аталған

пәтер бір және екі бөлмелі де, ал 23-і үш бөлмеден тұрады. Олардың аумағы да бөлме санына қарай 36-88 шаршы метр аралығын құрап, солардың бәріне жаңа қоныстанушылар жайғасты.

Одан әрі мерекелік салтанат қаладағы Мәдениет сарайында жалғасып, 22 жас қыз-жігітке өз кәсібін ашып, дамыту үшін 2 миллион теңгеден грант берілді. Олар бұл грантқа қол жеткізу мақсатында қала әкімдігіне өз жобаларын ұсынып, соған байланысты конкурс қорытындысында жеңімпаз атанғандар еді.

Келесі кезекте қала тұрғындары алдында Қали Байжанов атындағы облыстық концерттік бірлестігінің әншілері Мен Тәттімбет атындағы ұлттық ха-



үйдегі пәтерлердің кілттерін осынау қуанышты сәтті көптен күткен иелеріне табыстау салтанаты өтті. Онда Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков жылнағал жұртшылықты айтулы мерекемен және қоныстойларымен құттықтап, жаңа пәтерлердің кілтін иелеріне табыс етті. Солардың арасынан 3 бөлмелі пәтердің кілтін ие болған Дана Бейсекованың 4 баласы болса, 1 бөлмелі пәтерге қоныстанған Валентина Бакаева жалғызбасты ана. Жалпы, мұндағы 21

лық аспаптар оркестрінің өнерпаздары ән-күйден шашу шашты.

Республика күніне арналған шаралар мұнымен толас таппай, дәл мереке күні 25 қазанда теміртаулықтар осындағы Металлургтер ескерткішінің маңында еліміздің Өнұранын қосыла шырқап, одан кейін қалалық Мәдениет сарайында өткен 2-ші өңірлік «Бұраң бел» ұлттық би фестиваль-байқауын тамашалады.

ТЕМІРТАУ

## Жаңа дүкен ашылды

Ақтоғай ауданы орталығында Республика күні мерекесі қарсаңында «Гүл-әні» азық-түлік дүкені ашылды. Сауда орындары молайса, бәсеке-лестік күшейіп, тауардың бәсі түседі. Сондықтан, жаңа дүкеннің ашылуы көпшілікті қуанытты.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүкен иесі Қанатбек Әбділін кәсіпкерлік жолға түскелі халыққа қажетті шаруалармен айналысып келеді.

Аудан тұрғындарына қуаныш сыйлаған дүкен ғимараты еңселі, бағасы қолжетімді. Азық-түлікпен қатар, күнделікті тұрмысқа қажетті басқа да дүниеге толы. Сөрелерінде халық күнделікті қажет ететін нан, қант-тұздан бастап, тәтті бәліштер, шұжықтың тұр-

түрі, кондитерлік өнімдермен қоса тұрмыстық заттар жайнап тұр.

Көпшілік сауда нысанын қазіргі заман талабына сай үлгіде ұстауын және халыққа қолжетімді бағамен қамтамасыз етуді ұсынып, кәсіпкердің ісіне сәттілік тіледі. Сауда орны халыққа сапалы қызмет көрсететініне нық сенім білдірді.

Дүкеннің салтанатты ашылуынан соң, тұрғындар өз қажетіне керекті өнімдерін сатып алып, тарқасты.

Ақтоғай ауданы

## Балаларға базарлық – бөбекжай

Республика күні Шег ауданы Өспен ауылында елу орындық бөбекжай пайдалануға берілді. Көптен күткен «Інжу» бөбекжайы ауыл тұрғындарына ерекше қуаныш сыйлады.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Нысанның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Мақсат Жумкин сөз сөйлеп, жылы лебізін жеткізді.

– «Інжу» бөбекжайы мемлекеттік бағдарлама аясында пайдалануға беріліп отыр. Осы бағытта тек мемлекеттің мүмкіндігіне ғана иек артпай, кәсіпкерлермен де әріптестік байланыс орнатып жатырмыз. Ауыл балаларын балабақшамен қамтамасыз етуді жалғастырамыз, – деді Мақсат Жумкин.

Сонымен қатар, ауыл ақсақалы Тұрсын Мақажанов ақ батасын беріп, бөбекжай ұжымына табысты еңбек тіледі. Ақ жаулықты аналар шашу шашып, кент тұрғындары «Құтты болсын!» айтып жатты.

Айта кетейік, жаңа бөбекжай талаптарға сай, бөлмелері кең. Музыка залы, ән-саз сабағы және дене шынықтыруға арналған арнайы бөлмелер жаңа заман талабымен жабдықталған. Ойыншықтар, оқу және көрнекі құралдармен толық қамтылған.

Шег ауданы

## Жастар кәсіпкерлігіне қолдау бар

Қарқаралы ауданының жас кәсіпкерлері түрлі салада кәсіптерін дөңгелетіп, біраз шаруаның басын қайырып отыр. Мәселен, 2017 жылдан беріліп келе жатқан аудан әкімінің қайтарымсыз грантын иеленіп, туризмнен бастап, түрлі салада қызмет көрсететін жастар жетерлік. Солардың бірі – Республика күні қарсаңында ашылған Алуа Мұқатайдың «Сыбаға» дүкені мен Айжан Қайратқызының «Адина» дәмхана-қонақ үй кешені. Екеуі де – аудан әкімінің қайтарымсыз грантын иеленгендер.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл да аудан жастарының кәсіпкерлігін қолдау және дамыту мақсатында аудан әкімінің грантына 64 жас кәсіпкер өтінім білдірген болатын. Соның ішінде, 11 кәсіпкердің әрқайсысы 1 500 000 теңге көлемінде грант алды.

Алуа Сатқызы ашқан «Сыбаға» әлеуметтік павильонында қолжетімді бағада ауыл шаруашылық өнімдері саудаланады.

Яғни, жылқы, сиыр, қой етінен бастап, жартылай дайын өнімдер де бар. Кәсіпкер дүкеніндегі тауарлар нарық бағасынан 7-15% арзан болатынын айтып отыр. Одан бөлек, Алуа Сатқызының жоспарында осал топтағы адамдарға, зейнеткерлерге азық-түлік арқылы көмек жасау да бар.

Ал, «Адина» кешенінде дәмхана, қонақ үйден бөлек, кинозал да бар. Аудан тұрғындары аталған қызмет түрлері жергілікті



тұрғындар мен аудан қонақтарына қызмет көрсететін бірден-бір тартымды орын болатынын айтады.

Республика күнінде аудан

халық кәсіп нысандарын ашып, қоғамға пайдалы қызмет жасауға бел байлаған жас кәсіпкерлерге сәттілік тіледі.

Қарқаралы ауданы





# Жапнай дактилоскопиялық тіркеу тиімді ме?

Адамзат білім мен ғылымға негізделген дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Қазіргі уақытта ақпараттардың қоғам өмірінде жетекші орын алатын жаңа жағдайлары пайда болып, ақпараттық технологиялар аса қарқынды дамуда. Елімізде цифрлық технологияларды қолдану арқылы тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған түрлі шаралар қабылданауда. Бұл, әлбетте, Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктердің бірі екені анық.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Сондықтан, ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың құзыреттілігін арттырып, пайдаланудың маңызы зор. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз» деп атап көрсеткен болатын.

Бұл орайда жаңа технологиялық дамудың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, инновациялық сипатта цифрландыруды жүзеге асыру – барлық салада аса маңызды міндет. Осы мақсатта, құқық қорғау органдарының ақпараттық-талдамалық жүйелерін жетілдіру бойынша 2016 жылдың 30 желтоқсанында «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу» туралы Заң қабылданғаны белгілі. Заң 2024 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енеді. Осыған байланысты 2024 жылдан қазақстандықтар саусақ ізін енгізілген жаңа төлқұжатқа ие болады.

Дактилоскопия терминінің мағынасына үңілетін болсақ ол гректің «daktilos» – саусақ және «skoreo» – қараймын, яғни, «саусақ қарау» деген сөзінен шыққан. Дактилоскопия адам қолы терісінің папиллярлық бедерлерінің қасиеттері мен сипаттарын, негізінен, қолдың саусақтарының іздерін табу, бекіту, алу және оған сәйкестендіру жасауды, яғни, кімдікі екендігін анықтауды зерттейді. Папиллярлық сызықтар бала анасының құрсағында жатқанда бес айлық кезеңінде пайда болып, өмір бойы өзгеріссіз сақталады.

Криминалистикалық тұрғыдан қарағанда олардың жекешелігі, салыстырмалы тұрақтылығы, бастапқы қалпына қайта келуі және қоршаған ортадағы заттарда із қалдыру мүмкіндігі папиллярлық сызықтарының негізгі қасиеттері. Папиллярлық сызықтарының қайталанбайтындығы әрбір адамның папиллярлық бедері тек сол адамға ғана тән екенін білдіреді және ол жақсы көрінетін белгілермен сипатталады. Папиллярлық бедерлердің екі адамда бірдей болуы түгілі бір адамның саусақтарында әр түрлі болатыны көп жылдық тәжірибелермен қатар, математикалық есептеулермен дәлелденген.

Ғалымдар екі адамның саусақтарының папиллярлық бедерлерінің бір-бірімен сәйкес келу мүмкіндігі – ықтималдық



теориясы бойынша 1:64 миллиардқа қатысандай екенін есептеп шығарған. Ал біздің планетамызда қазіргі кезде 8 миллиардқа жуық адам бар екенін ескерсек, саусақ бедері бірдей екі адам мүлде кездеспейді деп сенімді түрде айтуға болады.

Папиллярлық өрнектердің жекешелігін (қайталанбайтындығын), өмір бойы өзгеріссіз сақталатындығын мемлекеттік ауқымда қолдану қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда Қазақстан Республикасы көлемінде жаппай дактилоскопиялық тіркеуді енгізу көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік берер еді.

Дактилоскопиялық тіркеу адамның жеке басы туралы мәліметтерді – тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін және туған жерін адам қолы саусақтарының папиллярлық өрнектері бойынша анықтау мақсатында жүзеге асырылуы және пайдаланылуы қажет.

Мысалы, жаппай дактилоскопиялық тіркеуді хабар-ошарсыз жоғалған жеке тұлғаларды ізде-

уі үшін орталықтан-дырылған дактилоскопиялық және геномдық деректер қорының тигізер пайдасы зор.

Сондай-ақ, дактилоскопиялық базаны Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын растау мәселелерін шешу үшін де пайдалануға болады.

Осы заңға сәйкес бірінші рет Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін алуға, сондай-ақ, оны қалпына келтіру, ауыстыру жағдайларында өтініш жасаған азаматтар, Қазақстан Республикасы теңізінің жеке куәлігін беру туралы шешім қабылданған ел азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, ел аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, бірінші рет шетелдіктің Қазақстан Республикасы тұрақтылыққа алуға, азаматтығы жоқ адамның куәлігін, босқын куәлігін алуға немесе оны қалпына келтіруге, ауыстыруға өтініш жасаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, жұмыс беруші – жеке тұлғаларда үй шарашылығындағы жұмыстарды орындау мақсатында үй жұмыскерлері ретінде келген көшіп келушілер, ел шегінен шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, виза алу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар міндетті дактилоскопиялық тіркеуге жатады.

Оң екі жастан он алты жасқа дейінгі балалар Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алу кезінде ерікті негізде дактилоскопиялық тіркеуге жатады. Ал он екі жасқа толмаған балалар дактилоскопиялық тіркеуге жатпайды. Дактилоскопиялауға мүмкіндік бермейтін дене кемістіктері, яғни, екі қолының саусақтары түгел болмаса, немесе,

Оның пайдасы бір мұнымен шектеліп қалмайды. Ланкестік актілер, авиациялық және жол-көлік оқиғалары сияқты төтенше жағдайлар немесе табиғи апат салдарынан есінен танғандардың, ақыл-есін жоғалтқандардың немесе өзі жайлы мәлімет беруге шама-сы келмейтіндердің, қаза тапқан адамдардың аты-жөндерін, кім

тырнақ фалангаларында папиллярлық бедерлері жоқ адамдар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық тіркеуден, дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын растау рәсімінен өтуден босатылады.

Дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты заңнамалық негізде пайдалану, оның ішінде сәйкесінше есепке алу әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданылатынын айту керек.

2004 жылдан әлемнің 118 елінде азаматтарды биометриялық тіркеу бойынша ұлттық жобалар енгізілуде. Олардың қатарында АҚШ, Австрия, Нидерланд, Норвегия, Германия, Бельгия, Ресей Федерациясы, Әзербайжан, Беларусь, Тәжікстан, Молдова және Өзбекстан сияқты мемлекеттер бар.

2009 жылдан Түркияда паспорт беру кезінде кезең-кезеңімен дактилоскопиялық тіркеулер жүзеге асырыла бастады. Мысалы Қытайда 2011 жылдан саусақ таңбалары жеке куәлікті алу кезінде алына басталып, қазір бұл жұмыс толығымен аяқталған.

ТМД елдерінің ішінде – Ресей Федерациясы 1998 жылы «Дактилоскопиялық тіркеу туралы» заңды, ал 2008 жылы «Мемлекеттік геномдық тіркеу туралы» заңды қабылдаған бірінші ел. Қазіргі таңда осыған ұқсас заңдар Өзбекстанда, Тәжікстанда, Әзербайжанда, Молдовада және Беларуссияда қолданылуда.


Жалпы, бүгінде 100-ден аса мемлекетте биометриялық тіркеу жұмыстары жүргізілуде.

Айта кету керек, 2000 жылдары бұл бастама қоғамда және бұқаралық ақпарат құралдарында қызу талқыға түсіп, ол адам құқығына, жеке басына асырау сұғумен бірдей деген себептермен, депутаттар және халық тарапынан қарсылыққа ұшырап, сол кезде заң қабылданбай қалған болатын.

Міне, енді он алты жылдан кейін әлемде және қоғамда болып жатқан өзгерістер, сол кезде көтерілген мәселенің маңыздылығын тағы бір көрсетіп, осы заң жобасын қайта қарап, қабылдауға алып келді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді қолдану арқасында қылмыстарды ашу және танылмаған мәйіттің кім екенін анықтау жұмыстары өте жылдам жүргізіледі.

Жалпы, дактилоскопиялық базаны қолдану тұлғаны сәйкестендіруді жеңілдетеді және сайлау қорытындыларын сапалырақ ашуға жол бермейді. Сондықтан, жеке бастың құқығы мен құпиялығын



## Реформа – өміршең өзгерістер

бұзады деген түсінік-пікірден өзгергеніміз дұрыс.

Біріншіден, бір адамның саусақ бедері мен екінші адамның саусақ бедері сәйкес келмейді. Сондықтан, біреумен шатастырып алады деп қорқудың еш қажеті жоқ.

Екіншіден, қылмыс жасаған адамды тез табуға да көмектеседі. Бірыңғай дерек қоры болғандықтан, оны анықтау да оңай. Қылмыстың азаюына да оң әсері болады.

Ал геномдық ақпарат дегеніміз адамның немесе танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін оның дезоксирибонуклеин қышқылының (ДНК) белгілі бір фрагменттері туралы қолданылған ақпараттар және дербес деректер.

Геномдық тіркеу – биологиялық материал мен геномдық ақпаратты жинау, өңдеу, қорғау, адамның жеке басын анықтау немесе растау мақсатында жүргізіледі. Геномдық тіркеуге қылмыстардың жеке-кеңі бойынша сотталғандар, тергеу барысында биологиялық материал алынған тұлғасы анықталмаған адамдар, танылмаған мәйіттер жақсы алынады. Хабарсыз кеткен азаматтардың туыстары геномдық ақпаратты олардың жазбаша келісімімен ерікті түрде тапсыратын болады.

Барлық ақпарат электронды құпияландырылған түрде бір ақпараттық базада сақталады. Бұл ақпараттарды қашан және қандай жағдайларда қолданылатынын заңмен нақты бекітіледі. Сол себепті де, азаматтардың жаппай дактилоскопиялық және геномдық тіркеуден өтуге түсіністіктен қарағандары жөн.

Қорыта келгенде, Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті өрелі өркеніет көшіне ілесіп, ақпараттық цифрлық технологиялар дәуіріне аяқ басты. Дүние жүзі ғылыми-техникалық даму бағытына бет бұрғанда, криминалистика ғылымының даму бағытына болашағын ескере отырып, біздің де үлкен көшпен қалмағанымыз дұрыс.

**Болат СӨРСЕМБАЕВ,**

**Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Жалпықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасының доценті**

# Жан жылуын сыйлаған

(Соңы. Басы 1-бетте)

Күнделікті үш балаға барып шығамын. Бүгін мысалы, Айым және Тұрар деген балаларға бардым. Әрқайсының белгіленген уақыты бар, балалар да сол кезге үйренген. Ата-аналары барлық жағдайды жасауға тырысады, – дейді әлеуметтік қызметкер.

Нарғыздың Назигүл Мұратқызына бауыр басқаны айқын көрінеді. Әжесі Рымбике Жақұпова оның өз ісіне берілген, білікті маман екенін айтып отыр.

Нарғыз енді екі жылдан кейін 18 жастан асқан мүмкіндігі шектеулі жандардың санатына ауысады. Бұл санатпен үйде әлеуметтік көмек көрсетудің басқа бөлімшесі айналысады.



## «Мәңгі» балалар

Қарбышев көшесі бойында психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектерге арналған бөлімше жұмыс істейді. Мұнда 80 адам тіркелген.

– Жүріп-тұра алатындары ғана бөлімшеге келіп, әлеуметтік қызметкерлердің бақылауымен ойын ойнайды, 15-45 минуттай сабақ өтеді. Олардың өзін әлеуметтік қызметкерлер алып келіп, жеткізіп тастайды. Жүре алмайтындарының үйлеріне барып, көмек көрсетеді, – дейді бөлімше меңгерушісі Гүлжан Шымболова.

Гүлжан Қабылқызының айтуынша, сабақтар арнайы жеңілдетілген бағдарламамен оқытылады. Олардың қабылдауы баланыкіндей. Бөлімшеде бір

жақсы ойнауға, сенсорлық дамытуға, спорттық тренажерларды жаттығып, арнайы креслода массаж алуға болады.

– Кинотеатр, театрға жиі барамыз. Абай, М.Әуезов атындағы кітапханалармен тығыз байланыстамыз. Бұл – мәдени қызмет. Барлық мерекелерді атап өтеміз, – дейді бөлімше меңгерушісі.

Виктор Цхай мұндағы маман-



дардың мақтанышы десе болатындай. Ол жеңіл атлетика мен волейболдан көптеген медаль жеңіп алыпты.

– Алтын, күміс, қоланы жеке-жеке алсақ, әрқайсынан 60-тан астам медаль бар. Спортпен шұғылданғаным 15 жыл болды. Жаттығуға күн сайын барамын, қалдырмаймын, – дейді ол.

Мұнда келетіндердің ең үлкені – 61 жаста. Виктор сияқты бірен-сараны болмаса, көпшілігі «мәңгі» бала. Жас балаға қандай күтім керек болса, бұлар да соған мұқтаж.



## Қарттар жалғызсырамайды

Қарттар үшін тамағы мен дәрі-дәрмегін жеткізіп, үй шаруасына қолғабыс етсе, сол – қызмет. Қарттарға әсіресе, жалғызділігі кісілерге тұрмыстық көмек, медициналық, психологиялық, сенім-жауап беру арқылы құқықтық көмек жиі көрсетіледі.

Мұнда бастысы – көңіл бөлу екенін айтады бөлімше меңгерушісі Аманкүл Алинова.

– Жалғызбасты адамдар үшін

негізгісі – тұрмыстық көмек. Сыртқа шығып келе алмайтындар үшін азық-түлігін, дәрі-дәрмегін әкелу, дәрігерге, мерекелерде ұйымдастырылған шараларға апару тағы басқа міндеттер әлеуметтік қызметкердің мойнында, – дейді Аманкүл Оралханқызы.

Аманкүл Оралханқызы бүгінгі баратын үшінші адамы – Евгения Карстен жайлы аз-кем айтты.

84 жастағы Евгения Ивановна Ресейде туып-өскен. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде келіпті. Алғашқыда елдің оңтүстік өңірінде, берінде Қарағандыға көшіп келген. Бірінші болып жолдасы, сосын екі баласы дүниеден озады. Немере, шөберелері бар, бірақ, олар басқа қалада.

Әлеуметтік қызметкердің көмегіне мұқтаж әр қарттың тұрмысында бір ұқсастық болса, ол – осы сәттегі жалғыздығы. Әлеуметтік қызметкерлер соны сезіндірмеуге тырысады.

Қазыбек би ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі басшысы Жұпар Смаилованың айтуынша, аудан бойынша 132 әлеуметтік қызметкер бар. – 9 бөлімше қарттар мен

жалғызбасты жандарға көмек көрсетуге арналған. Онда 720 адам бар. 2 бөлімше мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсетеді. Бөлімше мамандары 136 баланың үйіне барады. Соның 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған бір бөлімше жұмыс істейді. Әр маман бір адамға аптасына 2 рет барып, 2 сағат көмек көрсетеді, – дейді Жұпар Қонысқызы.

Әлеуметтік қызметкерлер аптаның төрт күнінде белгіленген мекенжайларға барып, көмек көрсетеді. Ал, сәрсенбеде көмекте жиналып, құжаттама жұмыстарымен айналысады.

Жұпар Қонысқызы маман ташпылығы жоқ екенін де атап өтті. Еңбекақы да 2020 жылдан бастап өскен. Мәселен, сол жылы 50%, кейінгі екі жылда 25%-ға артқан. Дегенмен де, қиын жұмыс екені анық. Бұл адамдардың жан жылуы болмаса, мұндай ауыр, эмоционалды қиын әрі еңбекақысы да аз жұмысқа келмес еді. Жан дүниесінде мейірім, жүрегіңде ауышылық ұялағаннан болар.



# Сом алтынның сынығы

Сұлтан Кемелбаевтың есімі Қарағанды журналистикасының тарихына алтын әріптермен жазылатын болады. Ол облыстың орыс тілді газетін 13 жыл басқарған жалғыз қазақ болып тарихқа еніп отыр.

Сұлтан біздің редакцияға келгенде, бесінші қабатта орналасқан Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің стөндісі алдына келіп тағзым ететін. Мұнда оның аяулы әкесі Махмұд Кемелбаевтың фотосуреті ілулі тұр. Мақаң – соғысқа қатысып, майдандағы көзсіз ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» және Отан соғысы ордендерінің екі дәрежесімен де, бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған қазақтың қайсар жауынгері. Еңбек майданында да табандылығымен танылып, жаралы жауынгер облыстық «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінің металлургия кәсіпорнының редакциясында бірнеше жыл қызмет етті.

Сұлтан «Орбита» шағын ауданындағы үш бөлмелі пәтерінде бас редакторымыз Мағауия Сембаев, басқа да азаматтармен бірге талай қонақ болғанбыз. Жақсы араласып тұрушы едік. Сұлтан Мағауияны өз інісі санап, аға ретінде газет жұмысын ұйымдастыру жағынан көмегін

аямайтын. Бірде таралымына байланысты бізге облыстан қаржы аз бөлініп, баспахана газеттерінді баспаймыз дегенде, Сұлтан көп ойланбастан екі миллион теңгені аударып тастап, қарызымызды өтеп кетіп еді. Оны біз қайтара алған да жоқпыз. Мұны ерлік, қанына тартқан көзсіз ерлік деп біліңіздер.

Сондай кездесулердің бірінде Сұлтан үйінде анасы Шәрбат шешеймен танысудың сәті түсті. Әлі тың екен, әңгімеге ширақ. Белгілі ақындардың өлеңдерін жатқа айтқанда таң қалдық. Сөйтсек, шешей қазақтың белгілі ақыны Төлеу Көбдіковтің қызы болып шықты. Ол кісінің де ақындық қабілеті бар екен. Жатқа біраз өлеңдерін келтірді. Мәз болып қалдық. Сұлтанмен рұқсат ала отырып, өз газетіне орыс тілінде нағашысы туралы «Из плеяды ақынов-импровизаторов» деген мақала жазғаным да бар.

Міне, осындай екі жақсыдан туған Сұлтан да тұқымдарына тартып, шығармашылық қызметке бой ұрады. Анау-мынау емес, елдің сол кездегі екінші астанасы, мәдени астанасы саналатын Ленинград мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің ойдағыдай бітіреді. Сол 1975 жылдан бері Қарағандыда қызмет етті.



Әуелі облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің тілшісі болды, кейін бөлім менгерушісі қызметіне жоғарылады. 80-жылдардың соңы, 90-жылдардың басында Қарағандыда орыс тілінде шығатын «Городская газета», «Вечерняя Караганда», ал 1993 жылдан облыстық «Индустриальная Караганда» газеттерінің бас редакторы болды. Журналистер одағының облыстық бөлімшесін де басқарды. Сұлтан алғыр журналист,

білікті басшы бола білді. Оған мұндай қасиеттер ата-анасының асыл қанынан дарыған деп білеміз. Осындайда данышпан Абайдың «Екі асылдан қосылған, Сом алтынның сынығы» деген сөздері еріксіз еске түседі.

Бақұл бол, қаламдас дос, асыл азамат!

**Аман ЖАНҒОЖИН,**  
ардагер журналист,  
«Орталық Қазақстан»  
газеті бас редакторының  
1997-2010 жж. орынбасары.

## Сұлтан Махмұдұлы Кемелбаев

Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі, белгілі қаламгер, елінің асыл азаматы Сұлтан Махмұдұлы Кемелбаев 78 жасқа қараған шағында өмірден озды.



Қарқаралы жұрты бабаларының қастерлі атамекеңі – Қарқаралы ауданы, Аққора ауылы болып саналатын Сұлтан Махмұдұлының өзінің төл перзентідей қадірлейтін.

Міне, өмір бойы қаламын серік еткен майталман тілші, 1993-2006 жылдар аралығында облыстық «Индустриальная Караганда» газетін басқарған білікті басшы, елі мен жеріне адал қызмет еткен қайраткер тұлға қайтпас сапарға аттанып кете барды.

Сұлтан Махмұдұлы баспасөздегі қызметінде танымды да таңдаулы мақалаларымен дараланған шебер журналист, қаламы ұшқыр қаламгер ретінде танылды. Жалынды жас кезінде-ақ, өзіндік стилімен ерекшеленіп, спорт тақырыбында қалам тербеген қызықты материалдарымен дараланып, КСРО Журналистер одағының лауреаты атанды. Газет жұмысының барлық қиындығын көріп, табанды еңбегінің арқасында облыстық газеттің тілшісінен бастап бөлім менгерушісі, бас редакторға дейін көтеріліп, адал қызметімен айтулы газетті аттай он үш жыл басқарды. Талай мықты шәкірт тәрбиелеп, облыстық журналистер ұйымына басшылық жасады.

Отандық баспасөздің дамуына өзіндік үлес қосып, елеулі еңбек сіңірген Сұлтан Махмұдұлы Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі, Мәдениет қайраткері және басқа да лайықты марапаттардың иегері атанды.

Қабырғалы қаламгер, бірегей тұлға, ел азаматы Сұлтан Махмұдұлының отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Асыл ағамыздың жарқын жүзі жадымызда сақталады.

**Е.Құсайын, Ә.Аргынов, Т.Қоңжасаров,  
Д.Жисенбаев, Д.Омаров, Б.Тоқмурзин,  
А.Апендина, О.Жүкібаев**

# Қаламгерлердің көшбасшысы еді

Иә, қабырғалы қаламгер, облысымызда орыс тілінде жазатын қазақ журналистерінің бірі, «Индустриальная Караганда» газетінің алғашқы қазақ редакторы Сұлтан Махмұдұлының жақсы білгендерінің біріміз.

Мен «Орталыққа» келгенде ол «Индустриалкада» тілші болып істеп жүрген еді. Талай іс-шараларға қатар баратынбыз. Сол кездің өзінде оқырмандардың оны қалай сыйлап, құрметтейтінін өз көзімнен көрдім. Кейде бір кемшіліктер көргенде

бетін бар, жүзің бар демей айтып салатын.

Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында Теміртаудағы Қарағанды металлургия комбинатында ақ қаңылтыр цехының құрылысы қызу жүргізіліп жатқан кез. Ауыр индустрия бөлімінде тілші болып істейтін мен сол ақ қаңылтыр цехына іссапарға барғанмын. Сол жерде «Индустриалкада» істейтін Сұлтанға кездестім. Қолында репортер бар, Қазақ радиосының Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі

Валерий Розенберг те осында жүр екен. Розенберг қанша дегенмен республиканың тілшісі ғой, астында машинасы бар. Жұмысымыз біткен соң үшеуіміз бірге қайтқанбыз. Жолшыбай әңгімелесіп келе жатқанда Сұлтан: «Үшеуіміз неге рейд өткізбейміз?» деген пікір айтты. Ақыры сол идеяны жүзеге асырып, үшеуіміздің атымыздан Қазақ радиосынан үш күн шыққан, «Орталықта» және «Индустриалкада» үш нөмерге басылған рейдтік материал жария еттік. Біздің рейдтік мақалаларымызда орысша және қазақша айтылған (жазылған) орындар сынып пікірлер облыс басшылары тарапынан қолдау білдіріліп, жауапты лауазым иелеріне тиісті шара қолданылғанын кейін естідік.

Сұлтан барлық саланы ғұмырын баспасөз саласына арнаған, қаламына ғана үміт артқан Арқа баспасөзінің ардакүреңі еді. Не жазса да әділ жазатын, зерттеп жазатын. Өзі редактор болып қызмет атқарған кездерінде қарамағындағы қызметкерлерінен де соны талап ететін.

Облыстың Журналистер одағын басқарған кездерінде де көптеген игі істерге мұрындық бола білді. Облыс журналистерінің форумдарын өткізді.

Талай журналиске тәлімгерлік еткен, ақылы аға болған Сұлтан-кеңнің көрмеген көшесінен жарылқасын. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,**  
Қазақстанның Құрметті журналисі,  
ҚР Ақпарат саласының үздігі.

«Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» ММ ұжымы журналистика ардагері  
**Сұлтан Махмұдұлы КЕМЕЛБАЕВТЫҢ**  
қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі  
**Сұлтан Махмұдұлы КЕМЕЛБАЕВТЫҢ**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық SARYARQA телеарнасының ұжымы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі  
**Сұлтан Махмұдұлы КЕМЕЛБАЕВТЫҢ**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі  
**Сұлтан Махмұдұлы КЕМЕЛБАЕВТЫҢ**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Сұлтан Махмұдұлы Кемелбаев

2023 жылғы 25 қазан күні 78 жасқа қараған шағында Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі Сұлтан Махмұдұлы Кемелбаев ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін өмірден өтті.

С.Кемелбаев 1946 жылы 6 қыркүйекте Жезқазған облысы Балқаш қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын Қонырат кенішінде, Балқаш тау-кен металлургия комбинатында электрослесарь болып бастаған. Ленинград мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін 1974 жылы облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің редакциясына қатардағы тілші болып қабылданды. Сұлтан Махмұдұлының өмірінің біраз бөлігі дәл осы газетпен байланысты.

Тілші, күрделі құрылыс және көлік бөлімінің, көмір өнеркәсібі бөлімінің менгерушісінен бас редакторға дейінгі жолдан өтті. 1975 жылы спорттық тақырыптағы сериялық материалдары үшін КСРО Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды. Сонымен бірге өндірістік тақырыптарды құшына жазды. 1993 жылы «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы болды және осы лауазымда 2006 жылға дейін қызметін мінсіз атқарды.

Сұлтан Кемелбаев басшылық еткен жылдары газет оқырмандары арасында танымал бола бастады. Бас редактор ретінде кәсіби ұжымды қалыптастыра білді. Басылым Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің алғашқы және кейінгі жылдарының егжей-тегжейлі шежіресін жасады. Өңірдің экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, мәдени салалардағы жетістіктерін жан-жақты қамтыды. Редакция ұжымы объективтілік, саяси және әлеуметтік тұрақтылық тұрғысынан мемлекет саясатын қолдаушы бола білді. Бұл, әсіресе, кеншілер аймағындағы экономикалық проблемалар мен Қарағанды кеншілерінің еңбек даулары жылдарында өзекті еді.

Облыстық газетті басқара отырып, Сұлтан Кемелбаев қоғамдық қызметтен де қол үзген жоқ. Қазақстан Республикасы Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы болды.

Сұлтан Махмұдұлы Кемелбаев бар саналы ғұмырын журналистикаға арнады. Осы уақыт аралығында қазір БАҚ пен мемлекеттік органдарда жауапты лауазымдарды атқаратын көптеген шәкірт тәрбиеленді.

Әріптестері арасында құрметке ие болды, тәжірибесімен бөлісті. Сұлтан Кемелбаевқа патриотизм, мамаңдыққа, мемлекетке деген адалдық тән болды. Оның ақпараттық және идеологиялық саланы дамытуға қосқан үлесі мен еңбегі болашақта да олардың одан әрі дамуына қызмет ете бермек.

Сұлтан Махмұдұлының бейнесі жерлестерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына, шәкірттері мен барша әріптестерімізге қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«Saryarqa Aqparat» ЖШС ұжымы

### ӘЛЕУМЕТ

# Көше мен қорым қоршалды

Шет ауданында көшелерді абаттандырып, көркейту бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Оның ішінде, көшелерді жөндеуге, жарықтандыруға, абаттандыруға қатысты өтініштер қаралып, бюджеттің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бұл туралы аудан әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Нұрғос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл аудандық бюджет есебінен бөлінген қаржыға ауылымыздың орталығындағы қоршаулар ауыстырылды. Ауылдың орталығында орналасқан стадионның ескі қоршауы көнерген еді. Көктемде тұрғындармен кездесу барысында аудан әкімі Мұхит Мұхтаров қоршауды ауыстыру жолдарын қарауды тапсырған болатын. Аумағы 15 000 шаршы метрді құрайтын стадион

барокка стиліндегі бетондармен толықтай қоршалды. Ал, сол жерден алынған ескі темір қоршаумен Қарамұрындағы зиратқа қоршау жұмыстары жүргізілді. Жұмыстарды «Капстрой» ЖШС және «Маржан» ЖК мердігер ұйымдары атқарды. Жасалған жұмыстардан әсерінен ауылымыз сәнділеніп, – дейді баспасөз өкілдері.

Айта кетейік, сонымен қатар, Байқоныр көшесінің бір бөлігінде қоршаулар орнатылды.

Шет ауданы

## Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2023 жылғы 9 айдағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 2023 жылғы 9 айдағы 7 аудиторлық іс-шарасы өткізілді.

Мемлекеттік аудитпен 72 058 681,9 мың теңге қаражат көлемімен 38 объекті қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзуы 3 963 392,1 мың теңге (аудитпен қамтылған қаражат сомасының 5,5%) анықталды. Оның 1 677 280,8 мың теңгесі қалпына келтіріліп өтелуде тиіс. Оның 1 107 627,3 мың теңгесі немесе 66,0% қалпына келтіріліп өтелді.

Өткізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша: аудит объектілеріне – 6 аудиторлық қорытындысы және 23 нұсқамасы, 41 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 5 ұсынысы;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 110 аудит материалы, жалпы 13 793,8 мың теңге айыппұл сомасына 61 тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Тексеру комиссиясы ӘҚБТК-нің 234-1бабы және 462 бабының 3 бөлігі бойынша 5 әкімшілік материалы қозғалды, 5 адам жауап-кершілікке тартылды. Әкімшілік айыппұлдар сомасы 453,7 мың теңгені құрады.

құқық қорғау органдарына – 5 аудит материалы, оның ішінде: 2-і бойынша – соттың айыптау үкімі шығарылды, 3-і қарауда.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

«НұраЭнергия» ЖШС 2023 жылдың 1 қарашадан бастап электр энергиясын тұрмыстық емес қажеттіліктерге пайдаланатын тұтынушылар үшін (ЖШС, АЖ, КХ және т.б.) электр энергиясының тарифы өзгеруі туралы хабарлайды.

№264

**Қарағанды Шинсервис**  
**ШИНАЛАР**  
Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңілдетілген бағамен
- жеңілдетілген бағамен
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕЗ АРАҢ ШИНАЛАР  
САТПАЙМЫЗ,  
ЕЗ АРАҢДА БАҒА  
САТАМЫЗ

Қарағанды қ.,қойма:Асфальттың көш., 22, дүкен: Бывшая көш., 14/1  
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800





● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Кітап фестивалі – даналық қазынасы

Республика күні мен Кітапханашылар мерекесіне орай, Сәкен Сейфуллин атындағы орталық қалалық кітапханада «Оқитын ұлт» жобасы аясында «Ұлы Дала өркениеті» кітаптық фестивалі ұйымдастырылды. Аукымды шарада Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізбасар Шәкенов арнайы құттықтау сөз сөйлеп, мазмұнды шараның маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар, кітапхананың тұрақты оқырмандарына «Алтын формуляр» және «Ең жас оқырман» аталымдарын табыс етті.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Осы күні кітапхана төрінде басталған мәдениет пен рухтың жәрмеңкесі бір мезетте «Қала қаламгерлері – өркениет көшінде» тейіл-толқ, «Қолөнер сырлары» шеберлік сағаты, «Өркениет қайсысы: Кітап немесе iPhone» дебат, «Қазақстанға саяхат» 3D кітаптар, макеттер, «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойыны, Ұлттық спорт ойындар, «Туған Қазақстанымды мақтан тұтамын!» караоке, шеберлік пен шынайы талант иесі, Балқаш қаласының Құрметті азаматы, суретші Ө.Әбеуовтің өнер көрмесі сынды іс-шараларды қамтып, елге ерекше көңіл-күй сыйлады. Кітапхананың әрбір залында кітап таныстырылымдары, ақындар алаңы, мәдени, рухани кештер өтіп жатты.

Ықыласқа толы рухани жүздесуде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Жанболат Башарұлы, Төкен Әлжантегі және тағы да басқа қаламгерлер шығармашылықтарына тоқталды.

Буккроссинг алаңдарындағы байқауға қатысқан мектеп оқушылары мен студенттер жаңа, қызықты әрі пайдалы ақпарат алып, ой-өрістерін кеңейтіп, тарқасты.

БАЛҚАШ

● АЗИЯ ПАРА ОЙЫНДАРЫ

## Алтайдың ар жағынан келген алтын

Қытайдың Ханчжоу қаласында Азия ойындары аяқталысымен, артынан IV Азия Пара ойындары басталды. 43 мемлекеттен 4 мыңға жуық спортшы жиналып, өзара кіл мықтыны анықтауда. Байрақты бәсекеге ел атынан 131 спортшы қатысып, спорттың 14 түрінен бақ сынап жатыр. Ұлттық құрама сапына облыс атынан 10 спортшы енген. Олар спорттың бес түрі бойынша өнер көрсетпек. Бүгінде үмітіміз ақталып, жерлестер ел қоржынына екі алтын және үш қола медаль салды.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

2018 жылы Джакартада (Индонезия) өткен III жазғы Азия пара ойындарына ұлттық құрама сапында облыс атынан тоғыз спортшы қатысып, спорттың төрт түрінен бақ сынаған болатын. Нәтижесі де жаман емес. Биыл жеңіс – сол нәтижеден асып түсу. Жерлестеріміз Даяна Федосова – дзюдодан, Айдоос Жылқышимов – оқ ағудан, Руфат Хабибуллин мен Дастан Мұқашбеков жеңіл атлетикадан, Сергей Кинах, Наталья Звягинцева, Диас Кенжебек, Роман Потапов пен Андрей Афанасьев жүзу спортынан бақ сынаса, шахматтан Әлімжан Аяпов өнер көрсетеді.

Азия пара ойындары басталысымен, Ханчжоудан сүйіншілеген хабар жетті. Қарағанды облысының мүгедектер спорты мектебінің тәрбиеленушісі Роман Потапов жүзу спортынан өнер көрсетіп, ел қоржынына алғашқы қола жүлдені салды. 20 жастағы спортшы S12 санатында ерлер арасында 100 метр қашықтықты 1:10.25 уақытта жүзіп өтіп, қола жүлдеге қол жеткізді. Спортшының көру қабілеті бұзылған. Алайда, ерік-жігерінің арқасында талай белестерді бағындырып келеді. Бүгінде ол – Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әрі пара жүзу бойынша Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы атанған.

Облыс қоржынына алғашқы қола түсті деп бәрімізді аспанға атқанымыз рас.



Алғашқы күннен-ақ жүзде алған спортшыларға қарап, бойдағы күдік тарқап, үміт жанды. Түйсігіміз алдамапты. Артынан теміртаулық дзюдошы Даяна Федорова да қола жүлдені қағып түсті.

Жерлесіміз нашар көретін спортшылардың санатында 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде белдесті. Жұлделі орын үшін болған белдесуде үндістандық спортшыны жеңіп, қолаға қол жеткізді.

Айта кетейік, теміртаулық спортшы бытыр Бакуде өткен әлем чемпионатында III орын иеленген болатын. Биыл парадзюдошы Астанада өткен Азия чемпионатында

топ жарды. Бұл жолы Азия пара ойындарынан да құр қол қайтпады.

Облыстық мүгедектер спорт мектебінің өкілі Дастан Мұқашбеков жеңіл атлетикадан, яғни ядро лақтыру сайысында бақ сынап, алтынан алқа тақты. Ол қолындағы ядросын 15 м 74 см биіктікке лақтырып,

қарсыластарын шаң қаптырды. Сонымен қатар, жерлесіміз Азия рекордын да жаңартты. Парижде өтетін Паралимпиада ойындарына да жолдама алды.

Осы санатта өнер көрсеткен тағы бір отандасымыз Иван Зелезняк 12 м 39 см нәтижесін тіркеп, III орын иеленді.

Жүзу спортынан өнер көрсеткен жерлесіміз Наталья Звягинцева да Азия пара ойындарының қола жүлдегері атанды. Наталья 200 метр қашықтыққа жүзгенде мәре сызығын сегізінші болып кесті. Содан кейін 50 метрге баттерфляй әдісімен жүзде тағы да мәре сызығынан сегізінші болып асты. Соңында 4x50 метрлік кешенді эстафеталық әдіспен жүзде отандастарымыз керемет нәтиже көрсетті. Нәтижесінде Азия пара ойындарының қола жүлдесінің иегерлері атанды.

Сонымен қатар, қашықтыққа жүзуден тағы бір жерлесіміз Диас Кенжебек ел қоржынына кезекті алтынды салды. Ол 100 метр қашықтықты 1:05:42 уақыт аралығында бағындырып, Азия және Азия пара ойындарының рекордын жаңартты.

Диас Кенжебек – 19 жаста. 2013 жылдан бастап, облыстық мүгедектер спорты мектебінде тәлім алады. Жүзуден халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Паралимпиада ойындарының, ҚР спартакиадларының, халықаралық турнирлердің жеңімпазы.

Осылайша Алтайдың арғы жағына кеткен жерлестер ел қоржынын жүлдеге толтырды.

● АКРОБАТИКА

## Азия чемпионатынан олжамен оралды

Өзбекстанның Ташкент қаласында акробатикадан жастар арасында Азия чемпионаты өтті. Әлемнің түпкір-түпкірінен қатысқан жастардың арасында қарағандылық Илларнон Мацмоха да өнер көрсетіп, Азия чемпионы атанды.



Жерлесіміз – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың студенті. Бұған дейін ол ел біріншілігін бағындырған еді. Бұл жолы әлемдік аренада бақ сынап, асығы алшысынан түсті. Бұл – спортшының әлемдік аренада бірінші мәрте өнер көрсетуі екен.

## Асығы алшысынан түсті

Өзбекстанда акробатика спортының негізін қалаушы, еңбек сіңірген жаттықтырушы Николай Лакисаны еске алуға арналған «Азия жұлдыздары» халықаралық турнирі өтті. Үлкен аренада бақ сынаған қарағандылық спортшылардың асығы алшысынан түсті.

Денис Андриевский мен Радмила Антоненко жұбы алтын медаль алса, Руслан Мелешко мен Алиса Котова жұбы – күміс, Диас Жәніс пен Дилара Байбакушеваның жұбы – қола медаль жеңіп алды.

● ХОККЕЙ

## «Сарыарқа» клубында – жаңа ойыншы

«Бейбарыс» хоккей клубының шабуылшысы Владислав Сайко мансабын қарағандылық «Сарыарқа» клубында жалғастырмақ.



Биыл спортшы атыраулық клубтың сапында, ел чемпионатында 14 кездесу өткізіп, екі гол салған. Бұған дейін ол қарағандылық клубтың сапында 2022-2023 жылдары өнер көрсеткен.

Дайындаған  
Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

● ИМАНДЫЛЫҚ

## Мәуліт мерекесі тойланды

Балқашта «Адамзаттың асыл тәжі» атты рухани мәуліт кеші өтті. Ігі шараға демеушілік жасаған кәсіпкерлер және зиялы қауым өкілдері, ақсақалдар, мешіт жамағаты мен имамдар қатысты. Мерекелік кеште қалалық мешіттің наиб имамы Ахмадулла Валиев құран оқып, Қарағанды облысының бас имамы Естай Айтұғанұлы, Балқаш қалалық мәслихатының төрағасы Ахат Мүслімов, қалалық мешіттің бас имамы Нұрболат Қалдарбеков жиналған халықты құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Пайғамбар өмірінен мол мағлұмат беретін фильм көрермен назарына ұсынылды.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Тәуелсіздіктің арқасында халқымыз асыл дінімізбен, ділімізбен қайта қауышты. Бір кездері ата-бабаларымыз дінімізді ашық ұстануды аңсап өткен еді. Қазір міне, егемендікпен бірге, еліміздің түпкір-түпкірінде мешіттер бой көтеріп, азан айтылуда. Мәуліт айы республика деңгейінде атап өтілуде. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) мадақтау, өмір деректерін насихаттау – үлкен нығмет. Алла Елшісі (с.ғ.с.) шынайы мұсылманның символы еді. Сондықтан, қазіргі таңда мұсылман арасында кемшіндеу түсіп жатқан кешірімділік, рақымшылық қасиеттерді нығайта білуіміз керек. Балқаштың бас имамы Нұрболат Сейілханұлына және баршаңызға алғыс білдіремін. Мәуліттің баршамыз үшін маңызы жоғары, – деді Қарағанды облысының бас имамы Естай Айтұғанұлы. Бұған дейінгі Мәуліт мере-



келерінде Пайғамбарымыздың балалық шағы, одан кейін пайғамбарлықтың келуі, мигражға көтерілуі, хижреттің алғашқы жылдары мен Бәдір соғысы, Ухуд соғысы, хазреті Хамзаның шейіт болуына ақын Дидар Камиев тоқталған болатын.

Бұл жолы текті сөздің төресі термеге кезек беріліп, өнші Аманжол Шәймерденов, Арсен Арғынбай пайғамбарға деген сағыныштарын әнмен жеткізді. Сонымен қатар, Пайғамбар сүннетін өміріне темірқазық етіп өсіп келе жатқан Қыдыр

Тұрлыбек пайғамбарымыз жайлы «Сағыныш хат» шығармасын оқыды.

Мұнан соң Алла Елшісіне (с.ғ.с.) сағынышты арттыратын мәуліт-шәрифті қалалық мешіттің наиб имамы Ахмадулла Валиев пен Балқаш теміржолшылар мешітінің бас имамы Медет Әлімқұлов оқып, қалың жұртпен бірге пайғамбар рухына салауаттар айтылды. Саналарға есерлі ой қалдыратын, өмірдің өзінен ғибрат беретін, Пайғамбар (с.ғ.с.) дәуірін еске салатын көріністер кештің әріні аша түсті.

Еске салсақ, бұған дейін Балқаш қалалық мешіті жас шәкірттер арасында білім байысын жариялаған еді. Аталған білім сайысына жүзге жуық шәкірт қатысып, оқ бойы озық шыққандар болды.

Бәйгеңің ең басты сыйлығы – Урма, яғни, кіші қажылыққа жолдаманы Жәнібек Самтырбай қанжығасына байлады. Ал, екінші орынды иеленген Сүндет Әмірхановқа 100 мың теңге тапсырылса, үшінші орынға тұрақтаған Жанас Бейсеновке 70 мың теңгенің сертификаты берілді. Сонымен қатар, құран жарысында Диас Азатұлы бірінші орынды, Рүстем Мажит екінші орынды, Шахназар Жеткенбай үшінші орынды еншіледі. Жеңімпаздар арнайы дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Сондай-ақ, рухани іс-шараның өтуіне демеушілік жасаған кәсіпкерлерге Алғыс хат табысталды.

БАЛҚАШ

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауатқа Ақрағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
**О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары –  
**Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**

Бас редактор –  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшының м.а. –  
**С.Б. ИЛИЯШ**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда  
№ КЗ18ВР00030163 күшіне енгізілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілімесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKХ БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№120 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Жансап ОМАРБЕК**